



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН КОРЕЯНЫ ЖАЛҒАҒАН КӨПІР

Қасым-Жомарт Тоқаев бірінші «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитіне қатысты.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, қонақжайлық танытып, бірінші «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырған Корея Республикасының Президенті Ли Чжэ Мёнге ризашылығын білдірді.

— Бұл диалогтың тарихы тереңде. Оған осыдан жиырма жыл бұрын корей тарапы бастамашы болған. Бүгінде ықпалдастық форматы жоғары саяси деңгейге көтерілді. Бұл — сан қырлы ынтымақтастығымыз шынайы стратегиялық байланыстар мен өзара сенімге ұласқа-

нын айғақтайтын сәт. Бүгінгі саммитті шын мәнінде тарихи уақиға деп атауға болады. Осы керемет кездесуді ұйымдастыруға Президент Ли Чжэ Мённің саяси ерік-жігер танытып, жеке үлес қосқанын айрықша атап өткім келеді. Корея Республикасының Орталық Азия мемлекеттерімен тең дәрежелі әрі ұзақмерзімді серіктестікті жолға қою ниетіне күз болып отырмыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазақстандықтар корей халқына, оның бірегей тарихына, дәстүрі

мен мәдениетіне зор құрметпен қарап, ерекше ықылас танытатынын айтты.

— Корея Республикасы қазіргі замандағы ұлттық өрлеудің тандай қақтырарлық тамаша үлгісін танытты. Білімге, инновацияға және адам капиталына басымдық берудің арқасында сіздер қысқа мерзім ішінде жетекші технологиялық державалардың қатарына қосылдыңыздар. Бұл — дамылсыз еңбектің, темірдей тәртіптің және табандылықтың заңды нәтижесі. Қазақ халқы жетістіктеріңізге шын мәнінде тәнтгі болып, сүйініп отырады, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

БЕРІК ДОСТЫҚ – СЕРІКТЕСТІК ТІРЕГІ

Қазақстан мен Корея Республикасының президенттері шағын құрамда келіссөз жүргізді.



Сеулге мемлекеттік сапармен барған Қазақстан Президентін Корея Республикасы Президентінің резиденциясында салтанатты түрде қарсы алды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ли Чжэ Мён бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет карауылының бастығы рапорт беріп, екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Мемлекет басшысы Құрметті қонақтар кітабына жазба қалдырды. Содан кейін президенттер келіссөз залына барды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Республикасына сапармен келуге шақырғаны үшін Ли Чжэ Мёнге ризашылығын білдірді.

— Корея Республикасы Қазақстанның стратегиялық серіктесі саналады. Халықтарымызды ертеден берік достық пен өзара түсіністік, тығыз мәдени-гуманитарлық қарым-қатынас байланыстырады. Елдеріміздің арасында тек

достық орнаған, ешқандай дау жоқ. Алдымыздағы мақсат — екіжақты қатынастарды одан әрі дамыту. Бүгін таңертең жаксы бизнес-форум өтті. Менімен бірге Кореяға үлкен бизнес делегация келді. Әртүрлі салада өте тартымды жобалар жүзеге асырылуда. Жоспарымыз да өте мықты. Оның ішінде Alatau City жобасын одан әрі дамыту мәселесін жіті талқыладық. Бұл — шын мәнінде өте қажетті және маңызды жоба. Біз оған үлкен мән береміз. Қала мәртебесіне қатысты ережелерді Конституциямызға енгіздік. Заң тұрғысынан корейлік компанияларға барлық кепілдік беріледі. Қазақстанда корей ұлтының 120 мыңнан астам өкілі тұрады. Оларға барлық жағдай жасалған, корей диаспорасы — қоғамымыздың белсенді мүшелері, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

Президент Корея Республикасының Премьер-министрімен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Хан Сон Сукты Корея Үкіметінің басшысы болып тағайындалуымен құттықтап, аса жауапты қызметіне табыс тіледі.

ОРТАҚ МАҚСАТҚА БАСТАР ЖАҢА ҚАДАМ



— Бүгінде қазақ-корей қарым-қатынастары тұрақты түрде жақсы дамып келе жатыр. Стратегиялық әріптестігіміздің аясында қос тарап үшін де пайдалы болатын көптеген маңызды бастамалар жүзеге асырылуда. Сіздің еліңіз Қазақстанның он ірі сауда және инвестициялық серіктесінің қатарына кіреді. Қазақстанда корей капиталы бар 1 мыңнан астам бірлескен кәсіпорын жұмыс істейді. Бірақ алдымызда тұрған жауапты міндет өте көп. Сіздермен бірге жоспарларымызды ойдағыдай іске асырамыз деп ойлаймын, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Қазақстанда онтайлы іскерлік және инвестициялық климат жолға қойылғанын атап өтті. — Елімізде Кореяның ірі корпорацияларымен қатар, шағын және орта бизнес өкілдерінің кәсіппен айналысуына қолайлы жағдай жасалған. Осы бағытта қазақ-корей үкіметтер жақтета шараларды атқарып жатыр. Атап айтқанда, Сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия, сондай-ақ Іскерлік кеңес тиімді жұмыс істеп келеді. Сонымен қатар

қажетті құқықтық негіз қалыптасқан, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Премьер-министрге қазақ-корей кәсіпкерлерінің дөңгелек үстеліне қатысқаны үшін алғыс айтты. Мемлекет басшысы жиын аясында қол қойылатын маңызды құжаттар екіжақты ықпалдастықты одан әрі тереңдете түсеріне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Ли Чжэ Мёнмен жүргізетін келіссөздердің маңызына ерекше назар аударды. Бұл кездесу екіжақты қарым-қатынастар тарихындағы жаңа кезеңге жол ашады.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметтер арасындағы ықпалдастықтың басым бағыттарына тоқталды.

— Күн тәртібінде екіжақты тауар айналымын екі есе арттыру міндеті тұр. Ол үшін көлемді ұлғайтып қана қоймай, сауданың құрылымын өзгертіп, қосылған құны жоғары тауарлар номенклатурасын кеңейте түсу қажет. Сондықтан Қазақстан мен Кореяның сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастығының 2027-2030 жылдарға арналған кешенді бағдарламасын әзірлеу өте өзекті деп білемін. Сонымен қатар лока-

лизациялау және өнімді үшінші нарыққа шығару бойынша перспективті жобаларды қамти отырып, өндірістік кооперацияның жеке жол картасын дайындау маңызды деп санаймын, — деді Президент.

Сөз соңында Мемлекет басшысы Қазақстанның Кореямен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға бейіл екенін растады.

Премьер-министр Хан Сон Сук Корея Республикасы өзара байланыстарды одан әрі тереңдетуге мүдделі екенін айтты.

— Президент мырза, Сізбен жүздесу — мен үшін зор мәртебе. Өзіңіз атап өткендей, Қазақстан Корея Республикасының Орталық Азиядағы ірі сауда және инвестициялық серіктесі саналады. Осы саммит аясында екі ел арасындағы ынтымақтастық, әсіресе экономика, энергетикалық тасымал тізбегі бағыттарында жандана түседі деп үміттенемін. Сондай-ақ Корея Алатау қаласындамызда Қазақстанның әлеуетті серіктестерінің бірі болады деп ойлаймын, — деді Корея Республикасының Үкімет басшысы.

Кездесу барысында көлік-логистика, аса маңызды материалдар, машина жасау, цифрландыру және жасанды интеллект пен медицинаны дамыту салаларындағы бірлескен жобаларды іске асыру жоспары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Оңтүстік Корея Премьер-министрі Хан Сон Сук Alatau Smart City жобаларымен танысты. Іс-шарада заманауи инфрақұрылым жасақтау, инвестицияға қолайлы жағдай жасау, цифрлық технологияларды енгізу және қаладағы қозғалыстың жана түрлерін ілгерілету секілді қаланы дамытудың негізгі бағыттары таныстырылды.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ



Мемлекет басшысы Қазақ-корей дөңгелек үстелінің ашылуына қатысып, сөз сөйледі.

Президент алдымен Қазақстан мен Корея Республикасы іскерлік орта өкілдері бас қосқан жиынның қатысушыларына ілтипат білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы отыз жылда Астана мен Сеул арасында өзара құрметке, сенімге және шынайы достыққа негізделген берік қарым-қатынас орнағанын атап өтті. Оның айтуынша, аталған серіктестіктің іргесін белсенді саяси диалог пен сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі тереңдету жолындағы ортақ ұстаным бекемдей түсті.

— Бүгінде Корея Қазақстанның ірі сауда және инвестициялық серіктестерінің қатарына кіреді. Кореялық компаниялардың біздің елдегі нәтижелі қызметін жоғары бағалаймыз әрі бұл оң үрдісті нығайта береміз. Корей бизнесмендері инвестиция мәселесінде анағұрлым жиірақ әрі батыл қимылдайтынын, жоғары адамгершілігімен, Қазақстанға деген сыйластығымен ерекшеленетінін үнемі айтып жүремін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы екіжақты тауар айналымы 3 миллиард доллардан асқанына назар аударды. Президенттің пікірінше, үкіметтер мен компаниялар күш-жігер біріктірсе, бұл көрсеткішті еселей түсуге болады.

— Корея Қазақстанға 12 миллиард доллардан астам инвестиция құйды. Елімізде Samsung, Kia, Hyundai, Lotte, Doosan Enerbility, Shinhan Bank секілді корей капиталының үлесі бар мыңнан аса компания жұмыс істейді. Біз қарым-қатынасымызды мүлдем жаңа деңгейге көтеріп, достық әрі серіктестік байланыстарды барынша нығайтуға ниеттіміз. Бүгінгі сапар осыған дейінгі жетістіктерімізді түйіндеп, өзара ықпалдастыққа тың серпін

беруге орайлы мүмкіндік беріп отыр, — деді Мемлекет басшысы.

ӨНЕРКӘСІПТІ ӨРКЕНДЕТУГЕ НЕГІЗ

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтар Президент Ли Чжэ Мённің жаңа өнеркәсіп стратегиясының, соның ішінде Three Mega Projects және Seven Major SEED initiative секілді бастамалардың іске асуына асқан қызығушылықпен бақылап отырғанын жеткізді.

— Өнеркәсіп саласындағы ықпалдастық экономикалық серіктестігіміздің берік негізіне айналды. Бүгінде ортақ портфельде автомобиль құрастыру, машина жасау, металлургия және басқа да салаларды қамтитын 51 бірлескен жоба бар. Олардың жалпы құны 4 миллиард доллардан асады. Кореялық компаниялардың тәжірибесі Қазақстанның бәсекеге қабілетті әрі сенімді өндіріс алаңы екенін анық дәлелдеді. Былтыр елімізде 170 мыңға жуық автомобиль шығарылды. Бұл — ұлттық деңгейдегі рекорд. Оның басым бөлігі Hyundai және Kia компанияларына тиесілі. Бұдан бөлек, Қазақстанда корейлік тұрмыстық техника өндірісі өркендеп келеді. Қазіргі кезде Samsung тұрмыстық техникалары жергілікті зауыттарда өндіріледі. Осылайша, корейлік компаниялар елімізге көптеп келе бастады. Мақсатымыз — толықтай интеграцияланған, яғни бөлшектердің, озық материалдардың, электр құрал-жабдықтары мен электрониканың жергілікті өндірісін түгел қамтитын, қанауымды Еуразия нарығына қызмет көрсете алатын өнеркәсіп экожүйесін құру. Кореялық компанияларды осы мүмкіндікті пайдаланып, Қазақстаннан өндіріс орындарын ашуға

шақырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Құрылыс және қала дамуы ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты ретінде аталды.

— Сіздің ел құрылыс, инженеринг және инфрақұрылымды дамыту салаларында әлемдік деңгейдегі тәжірибеге ие. Кореялық компаниялар күрделі жобаларды тез, сапалы әрі озық технологиялар арқылы іске асыруымен танымал. Қазіргі таңда Қазақстан инфрақұрылымды жаңғыртудың маңызды кезеңіне қадам басты. Біз көлік, коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымынан бастап тұрғын үй және әлеуметтік нысандарға дейінгі барлық бағытта құрылыс қарқынын жандандыруды жоспарлап отырмыз. Мұны Президент лауазымындағы басым міндеттеріміздің бірі деп санаймын. Мақсатымыз — Қазақстанды алып құрылыс алаңына айналдыру. Аурухана, балалардың оңалту орталығы, көпбейінді медицина мекемелері, заманауи мектептер, спорт ғимараттары секілді әлеуметтік нысандар мен көлік инфрақұрылымын жетілдіруге ерекше мән береміз. Бұл — корейлік корпорацияларға тың мүмкіндік. Олар Қазақстандағы ауқымды жобаларға белсене атсалысады деп ойлаймыз, — деді Президент.

ЭНЕРГЕТИКА – ЕЛЕУЛІ БАҒЫТ

Қасым-Жомарт Тоқаев аса маңызды минералдар әлемдік экономиканың стратегиялық тұрғыдан тез дамып келе жатқан секторы саналатынына назар аударды.

— Қазақстанның жер қойнауында аталған стратегиялық ресурстардың мол қоры бар. Бұл өндірістің озық салаларында және басқа да табысы жоғары секторларда қазақ-корей ынтымақтастығын дамытуға жол ашады. Қазақстанның қазба байлықтарын игеруге Корея тарапы инвестиция салып қана қоймай, технологиялық тәжірибесімен бөліскенін де қуана құптаймыз. Бұл ретте қосылған құны бар толыққанды өндіріс тізбегін бірлесіп дамыту үшін «Ресурс — технология — өнеркәсіп» моделін ұсынамыз. Алматы қаласында ашылатын Сирек кездесетін металлургия саласындағы технологиялық ынтымақтастық орталығы жаңа үлгі аясындағы серіктестікті қалыптастырудың қисынды қадамы болмақ, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 3-бетте)

АҚОРДА

17 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН КОРЕЯНЫ ЖАЛҒАҒАН КӨПІР

(Басы 1-бетте)

ЛОГИСТИКА ӘЛЕУЕТІН НЫҒАЙТУ – БІР БАСЫМДЫҚ

Қасым-Жомарт Токаев көпжақты ын-тымақтастықты дамытуға қатысты пікірін жеткізді. Президент басты бағыт ретінде сауда-экономикалық және инвестиция-лық ықпалдастық мәселесін атады.

— Былтыр Орталық Азия мен Корей-ның өзара сауда-саттық көлемі алғаш рет 10 миллиард доллардан асты. Өңірдегі тауар айналымының жартысына жуығы Қазақстанға тиесілі. Сеул еліміздің үздік он сауда серіктесінің қатарына кіреді. Ірі инвесторлардың арасында тоғызыншы орын алады. Корейдан елімізге 12 мил-лиард доллардан астам инвестиция келді. Қазақстанда корей капиталының үлесі бар мыннан аса бірлескен кәсіпорын тір-келген. Kia, Hyundai, Doosan, Posco, Sam-sung, Lotte, Hanwha секілді жетекші ком-паниялар Қазақстан нарығында ұзақ жылдар бойы табысты жұмыс істеп келеді. Қазіргі таңда екіжақты ынтымақтастық жана деңгейге көтерілді. Осы сапар ая-сында жалпы құны шамамен 19 миллиард долларға бағаланған коммерциялық келі-сімдерге қол қойылды. Бұл — экономи-калық ықпалдастығымыздың қарқыны жоғары екеніне айқын дәлел, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның алдағы уақытта да корейлық компания-ларға қажетті жағдай жасауға дайын еке-нін мәлімдеді. Инвесторлардың елімізде ұзақ уақыт жүріп-тұруын жеңілдететін Altyn Visa бағдарламасы осы мақсатқа қызмет етеді.

— Өнеркәсіп саласында экономикалық ықпалдастықты тереңдетуге айтарлықтай мүмкіндік бар. Былтыр елімізде іске ко-сылған KIA Qazaqstan зауыты бұған жар-қын мысал бола алады. Кәсіпорын жы-лына 70 мың автокөлік шығарады. Өндірістің айналасында толыққанды кластер қалыптасып келеді. Корейның техноло-гиялық қуатын еліміздің өндірістік әлеуе-тімен ұштастыратын дәл осындай серік-тестік үлгісін басқа да салаларда қолдануға болады деп ойлаймын. Бұл ретте Орталық Азия елдері мен Корей Республикасы өнер-кәсіп министрлерінің бірінші кездесуін өткізу идеясын құптаймын. Осы бастаманы одан әрі ілгерілету үшін «Орталық Азия — Корей» өнеркәсіп және технологиялық даму серіктестігін құруды ұсынамын. Аталған тетік аясында үкіметтеріміз өндіріс локализациясына, технология трансферіне, өңірлік кооперацияны дамытуға және дайын өнімді үшінші елдер нарығына шығаруға ден қоя отырып, бірлескен маң-дайалды жобалардың тізімін жасактай алар еді. Бүгінгі «Орталық Азия — Корей Респу-бликасы» бизнес-форумы осы үдеріске елеулі үлес қосатынына сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

Президент көлік-логистика әлеуетін нығайтуды тағы бір басымдық деп санай-ды. Мемлекет басшысының пікірінше, жаһандық жеткізу тізбегінде түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Осы тұста Шығыс пен Батысты байланыстыратын маңызды буын ретінде Орталық Азияның рөлі арта түсті.



— Қазақстан өз аумағы арқылы тасы-малданатын транзиттік жүк көлемін 100 миллион тоннаға дейін жеткізуді көздейді. Бұл ретте Транскаспий халықаралық кө-лік бағдарын дамытуға айрықша мән бе-реміз, оны Орта дәліз деп те жиі атайды. Біздің ойымызша, Орта дәлізді көлік са-ласындағы TRIPP бастамасымен интег-рациялауға болады. Ляньюньган портын-дағы казак-қытай логистикалық терми-налы арқылы Орталық Азия мультимо-дальді жолдарымен жүк жеткізетін Корей-ның да аталған координаттар жүйесіне қатысы бар. Сондықтан бұл бағыттардың әлеуетін біріктіріп, Корейдан Орталық Азия арқылы Еуропаға шығатын көлік-логистика тізбегін қалыптастыруға бола-ды деп ойлаймын. Осы орайда, Пусан порты мен Каспий айлағындағы Қазақ-стан порттары арасындағы тәжірибе мен ақпарат алмасу бағытындағы тығыз ын-тымақтастық жаңа мүмкіндікке жол аша-ды, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Токаев энергетикалық қауіпсіздіктің маңызына назар аударып, Қазақстан көмірсутегі өндірісі бойынша әлемдік көшбасшылардың санатына кіре-тінін, жыл сайын елімізде 100 миллион тоннаға жуық мұнай өндірілетінін айтты.

Мемлекет басшысы еліміз Корейның сутегі энергетикасын дамыту тәжірибесіне қызығушылық танытып отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағытта бірқа-тар бірлескен жоба пысықталып жатыр. Соның бірі — Шығыс Қазақстан облы-сындағы «Жасыл энергетика кешені».

— Елімізде 33 миллиард тоннаға жуық көмір қоры бар, ал көмірден алынатын қуат электр энергиясы өндірісінің 60 пайыздан астамын қамтамасыз етеді. Сондықтан «таза көмір» технологиясын енгізуге айрықша басымдық береміз. Корей бизнесін, әсіресе Doosan, KERCO E&C және Midland Power компанияларын көмір генерациясын жаңғырту жобаларын бірлесе жүзеге асыруға, сондай-ақ ауаға таралатын зиянды заттарды реттеу техно-логияларын енгізуге шақырамын, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ АРТТЫ

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы цифр-ландыру және жасанды интеллект сала-сындағы ынтымақтастыққа ерекше мән берді.

— Корей Республикасы — жаһандық технология жарысындағы көшбасшы-лардың бірі. Қазақстан да цифрлық транс-формацияға белсенді кірісті. Астанада Alem.ai халықаралық орталығы ашылды, суперкомпьютерлер іске косылды, арнау-лы жасанды интеллект университеті өз жұмысын бастады. Кореймен бірқатар бірлескен бастама жүзеге асырылып жа-тыр. Атап айтқанда, Түркістанда Woosong университеті ашылды, Қызылордада SeoulTech университетімен бірге Жасанды интеллект институты құрылды. Алатау қаласында орналасатын KAIST, яғни Ко-рей озық технологиялар институты фи-лиалы өзара серіктестігіміздің серпінді жобасы болуға лайық. Бұл — әлемдегі технология тілін үйрететін жетекші оқу орындарының бірі. Биыл Корей ғылыми-техникалық ақпарат институтымен бір-лесе негізі қаланған AI SilkNet предективті аналитика және форсайт орталығы іске косылады. Менің ойымша, екі елдің ғы-лыми мекемелері, университеттері мен технологиялық компаниялары осы орта-лықтың айналысында бір мақсатқа топ-тасканы жөн. Қазақстан бірлескен жоба-ларды жүзеге асыру үшін Alem.ai халық-аралық жасанды интеллект орталығының әлеуетін жұмылдыруға дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент аса маңызды минералдар саласындағы серіктестікті күшейтуді ұсын-ды.

— Қазақстанның ресурс базасы айтар-лықтай мол. Сирек кездесетін металдар қоры бойынша әлемдік көшбасшылардың қатарына енеді. Корей стратегиялық са-натқа жатқызытын 10 минерал түрінің бәрі де елімізде бар. Қазақстанның ресурс әлеуеті мен Корейның технологиялық мүмкіндіктерін үйлестіру өзара тиімді

ынтымақтастық үшін кең мүмкіндіктерге жол ашады. Осы сапар аясында Алматы қаласында Корейның технологиялық ық-палдастық институтының (KIAT) көмегі-мен Сирек және сирек кездесетін метал-дарды зерттеу орталығын құру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Мен мұны құптаймын. Біз толық өндіріс циклын қалыптастыруды мақсат етуіміз керек. Яғни аса маңызды шикізатты зерттеу мен өндіруден бастап, оны терең өңдеу және одан косылған құны жоғары дайын өнім шығаруға дейінгі тізбек толық қамтылуға тиіс, — деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Токаев су қауіпсіздігі және аймақтағы экологиялық теңгерімді сақтау мәселесін көтерді.

— Қазақстанда су шаруашылығы ин-фрақұрылымын жаппай жаңғырту жүріп жатыр. 2030 жылға дейін 42 жаңа су кой-масын салып, 14,5 мың шақырым сулан-дыру арналарын жаңартуды және су үнемдеу технологияларын кеңінен қолда-нуды жоспарлап отырмыз, — деді Қазақ-стан Президенті.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕСТЕГІ БЕДЕЛ

Бұдан кейін Мемлекет басшысы «Ор-талық Азия — Корей Республикасы» биз-нес-саммитінде сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Токаев өткен жылы аймақтағы елдердің ішкі жалпы өнімінің жиынтық көлемі 550 миллиард долларлық межеге жуықтап, өсім 6 пайыздан асқанын жеткізді. Бұл — әлемдегі орташа көрсет-кіштен екі есегей жоғары.

— Сауда-экономикалық байланыстың нығаюы және көлік саласындағы ықпал-дастықтың кеңеюі аймақты инвестиция-лық тұрғыдан тартымды ете түседі. Осы артықшылықтарды Корейның өндірістік, технологиялық және қаржылық мүмкін-діктерімен ұштастыру өзара тиімді әрі перспективті ынтымақтастыққа жол аша-ды. «Ортақ мақсаттарға қол жеткізу жо-лында ресурс біріктіру» формуласына сай күш жұмылдырасақ, сан қырлы серіктес-тігімізді мүлдем жаңа әрі сапалы деңгейге шығара аламыз деп ойлаймын. Қазақстан осы маңызды міндетті еңсеру үшін өз әлеуетін толық пайдалануға дайын, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Орталық Азияның жиынтық ішкі жалпы өнімінің шамамен 60 пайызы және аймаққа ше-телден тікелей тартылатын инвестицияның 70 пайызға жуығы Қазақстанға тиесілі.

— Орталық Азияның экономикалық дамуы мен өркендеуіне еліміздің қосқан елеулі үлесін осы көрсеткіштен аңғаруға болады. Сапар аясында екі ел арасында сомасы 19 миллиард долларға жуықтайтын 80-дей коммерциялық келісімге қол қойылды. Бұл — құрғақ мәлімдеме немесе қазіргі тілмен айтқанда, қағаз жүзінде қалатын мәміле емес, іске асатын нақты жоспарлар. Қалай болғанда да Үкімет бизнес-жобалардың уақытылы орын-далуын жіті қадағалайды. Қазақстан Үкі-меті бірлескен жобаларды өз деңгейінде жүзеге асыру үшін корей кәсіпкерлеріне жан-жақты қолдау көрсетеді. Ол үшін Қазақстан мен Корейның сауда-экономи-калық және инвестициялық ынтымақтас-

тығының 2027-2030 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы әзірленеді. Біз инвестициялық ахуалды дәйекті түрде жақсартып, шетелдік инвесторларға барынша қолайлы жағдай жасап келеміз. Елімізде бизнес бастауға ниетті инвестор-ларға артықшылықтар ұсынатын Altyn Visa бағдарламасының енгізілуі — маңыз-ды қадамның бірі, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

Мемлекет басшысы бірлескен жоба-ларды жүзеге асыру үшін әлеуеті зор ба-ғыттарға тоқталып, өнеркәсіп саласында-ғы ынтымақтастықты нығайтуды негізгі басымдық ретінде атады. Қазіргі уақытта Қазақстан мен Корей құны 4 миллиард доллардан асатын 51 жобаны жүзеге асы-рып жатыр. Былтыр елімізде 170 мыннан астам автокөлік шығарылып, өндіріс көлемі шамамен 18 пайызға өсті.

Президент көлік байланысын кеңейту мәселесін өте өзекті деп санайды. Осы орайда, Орталық Азияның географиялық тұрғыдан онтайлы орналасуы тұтас Еура-зияның көлік-логистика жүйесін нығай-туға мол мүмкіндік береді.

— Бұл істе Транскаспий халықаралық көлік бағытының маңызы зор. Оның ба-сым бөлігі Қазақстан аумағымен өтеді. Бүгінде Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалдың 85 пайызға жуығы аталған бағдарға тиесілі. Өткен жылы Орта дәліз бойымен контейнерлік тасымал көлемі 36 пайызға көбейді. Биылғы 8 айда 18 пайыз шамасында ай-тарлықтай өсім көрсетті. Алдағы екі жыл-да бағдардың өткізу қабілетін 6 миллион тоннадан 10 миллион тоннаға дейін ұл-ғайтуды жоспарлап отырмыз. Корей ком-паниялары осы бағыт бойындағы ин-фрақұрылымдық жобаларды ілгерілетуге атсалыса алады. Қазақстан Үкіметі корей серіктестерімізге арналған инвестициялық жобалар портфелін жасактауда, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

Ауыл шаруашылығы саласы да назар-дан тыс қалған жоқ. Мемлекет басшысы былтыр Қазақстан рекордтық көлемде, яғни 27 миллион тоннадай астық жина-ғанын мәлімдеді.

— Агроөнеркәсіп өнімдеріміз әлемнің 70-тен астам еліне жеткізіледі. Экспорт көлемі 7 миллиард долларға жетті. Қазақ-стан жер ресурстарына бай. Ал Корей ауыл шаруашылығының тиімділігін ар-тыру және оған жоғары технологияларды енгізу ісінде көш бастап тұр. Бәсекеге қабілетті артықшылықтарымызды бірік-тіріп, тамақ өнеркәсібінде бірлескен кластер құруды ұсынамын. Аталған клас-тердің қызметі өндіріске, терең өңдеуге және өнімді сыртқы нарыққа экспорттауға бағытталады. Қазақстан корей компания-ларына үлкен нарық ұсынып қана қоймай, өндіріс орындарын ашуға, технология-ларды енгізуге және Еуразия нарығына шығуға мол мүмкіндік береді. Бұл корей бизнесінің көкжиегін кеңейте түседі. Со-нымен қатар тұтас Орталық Азияға нақты мультипликативті әсерін тигізеді, — деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, аймақтың экономикалық табысын елдердің орнық-ты дамуынан бөлек қарауға болмайды.

— Орталық Азияның өзара байланы-сын нығайту өңірдің экономикалық әлеуетін толық танытады, халықаралық бизнеске жол ашып, ауқымды бірлескен жобаларды іске асыруға тын серпін береді. Әлемде технологиялық және экономика-лық тұрғыдан көшбасшы саналатын Ко-рей Республикасының ынтымақтастықты тереңдету осы мақсаттарға жедел қол жеткізуге ықпал етері сөзсіз, — деп түйін-деді Қасым-Жомарт Токаев.

БЕРІК ДОСТЫҚ – СЕРІКТЕСТІК ТІРЕГІ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы корей генералы Хон Бом Доға арнайы тоқталды.

— Хон Бом Донның тарихымен жақсы таныспын. Ол — нағыз қаһарман, отан-сүйгіш тұлға. Оны жадымызда сақтау үшін өзара парасатты іс атқардық деп айтуға негіз бар. Бұл оқиғаға жүз жылдан аса уақыт өтіп кетсе де, корей халқы өз генералын ұмытпағаны таңғаларлық жайт. Батырды есте қалдыру үшін оның сүйегін отанына қайтарып, азаматтық парызымызды орындадық, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

Президент екі елдің түрлі бағыттағы ықпалдастығының қазіргі жай-күйі мен келешегін жоғары бағалады.

— Екіжақты қарым-қатынасқа тоқ-талсақ, сапар барысында 19 миллиард долларды құрайтын коммерциялық келі-сімдерге қол қойылды. Корей инвес-торларының жұмысына көңіліміз тола-ды, алдағы уақытта да осы бағыт-тағы байланыстарды жалғастырамыз. Қонақүй, мұнай өңдеу зауытын салу және қала құрылысы бойынша жақсы жоспар-ларымыз бар. Әсіресе, мәдени-гумани-тарлық ынтымақтастықты нығайтуға ден қоямыз, — деді Мемлекет басшысы.

Корей Республикасының Президенті Қазақстан басшысына ілтипат білдіріп,

оның Сеулге жасаған сапарына айрықша мән беретінін атап өтті.

— Корей тарихында айрықша орны бар және қиын-қыстау кезеңде халқына қорған болған генерал Хон Бом Донның сүйегін қайтару жөнінде шешім қабыл-дағаныңызға алғыс айтамын. Қазақ хал-қы кезінде жер аударылған корейлерге пана болды. Осы орайда Сізге және қа-зақ халқына ризашылығымызды білдіре-міз, — деді Ли Чжэ Мён.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Токаев пен Ли Чжэ Мён кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Токаевтың Корей Рес-публикасына мемлекеттік сапары ресми делегация мүшелерінің қатысуымен өткен жоғары деңгейдегі келіссөздермен жалғасты.

Қасым-Жомарт Токаев екі ел арасын-дағы ынтымақтастық бұрын-соңды бол-маған қарқынмен дамып келе жатқанына назар аударды.

— Былтыр телефон арқылы алғаш рет сұхбаттасып, өзара сенім мен достыққа негізделген стратегиялық әріптестікті одан әрі дамытуға келіскен болатынбыз. Ал бүгін екіжақты қарым-қатынасымыз-ды болашаққа бағдарланған жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне кө-теру жөнінде маңызды уағдаластыққа қол жеткіздік. Қарым-қатынасымыздың



әр саласында жақсы нәтижелер бар. Осы уақытқа дейін Корей Қазақстан эконо-миясына 12 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Корейның әлемге танымал компаниялары Қазақстан на-рығында ойдағыдай жұмыс істеп жатыр. Біз оларға барлық жағдайды жасап отыр-мыз, — деді Қасым-Жомарт Токаев.

Президенттің айтуынша, екі елдің мәдени-гуманитарлық байланысы да жылдан-жылға нығая түсуде.

— Былтыр Қазақстанға 51 мыңға жуық корей азаматы сапармен келді. Бұған екі мемлекет арасындағы тікелей әуе қатынасының қарқынды дамуы ай-тарлықтай ықпал етуде. Арамызда ірі жоба пайда болды. Ол — Алатау қаласы-ның құрылысы. Бүгін біз Алатау қала-сында Корейның KAIST институтының филиалын ашу туралы келісімге қол қоямыз. Бұл қадам білім мен ғылым са-ласындағы ынтымақтастығымызды те-

рендетуге тын серпін береді деп ойлай-мын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Токаев Астана мен Сеулдің халықаралық аренадағы ықпал-дастығына жоғары баға берді.

Корей Республикасының Президенті Ли Чжэ Мён екі елдің сыртқы саясаттағы бағдары ұқсас екенін мәлімдеп, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

— Корей Республикасы мен Қазақ-стан сыртқы саясаттағы ынтымақтастық аясын кеңейтіп, ұлттық мүдде мен нақты нәтижеге бағдарланған прагматикалық дипломатия ұстанады. Қазақстан — біз-дің экономикалық қауіпсіздік саласын-дағы маңызды серіктесіміз. Сіздің еліңіз тек энергетикалық және табиғи ресурс-тарға ғана бай емес, келешегі зор жоғары технологиялық салаларда да зор әлеуетке ие, — деді Корей Президенті.

Келіссөз қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Корей Республикасы сыртқы істер министрлері болашаққа бағдарланған қазақ-корей қарым-қатынасын жан-жақты страте-гиялық серіктестік деңгейіне дейін кө-теру туралы вербальді ноталар алмасты. Бұдан бөлек, мемлекеттер басшылары-ның қатысуымен ресми делегация мү-шелері мынадай үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттар алмасты.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

(Басы 1-бетте)

Президент екі елдің ынтымақтастығында энергетика саласы да маңызды екенін айтты. Ол корейлік компаниялар Қазақстанның энергетика секторына қызығушылық танытып отырғанын жоғары бағалады.

— Hyundai Engineering қазірдің өзінде Қарашығанак газ өңдеу зауытының құрылысында жетекші рөл атқарады. Аталған жобаны корейлік компаниялардың біздің нарықта стратегиялық тұрғыдан ұзақмерзімді тұрақтап қалуына септігін тигізетін бастапқы қадам ретінде қарастырамыз. Газ өңдеу, мұнай химиясы, энергетика инфрақұрылымы және жаңартылатын қуат көздері секілді салаларда серіктестік аясын кеңейтуге айтарлықтай мүмкіндік бар. Әлемдегі ең ірі ұран өндіруші ретінде Қазақстан атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалануда мол әлеуетке ие. Әлемдік энергетика секторында шағын модульді реакторлардың маңызы зор. Қазақстан Кореямен осы салада өзара тиімді ынтымақтастықты жолға қоюға әзір, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ортақ күн тәртібіндегі көлік және логистика саласының өзектілігіне назар аударды. Оның айтуынша, Азия мен Еуропа арасын жалғап жатқан Қазақстан заманауи әрі тиімді көлік-логистика желісін қалыптастыру арқылы осы географиялық артықшылықтың игілігін көруді көздейді.

— Біз Транскаспий халықаралық көлік бағытының өткізу қабілетін, жылдамдығы мен сенімділігін арттыру үшін теміржол, автомобиль жолдарына, теңіз порттарына, терминалдар мен жалпы инфрақұрылымға қомақты қаржы құйып жатырмыз. Орта дәлдіздің дамуына Кореяның да үлес қосар кезі келді деп ойлаймын. Қазақстан елі-



мізде заманауи логистикалық орталықтарды, мультимодальді терминалдар, қойма кешендері мен жеткізу тізбегін басқаруға арналған цифрлық шешімдерді дамытып жатқан CJ Logistics және LX Panto секілді корейлік логистика компаниялардың қадамын құптайды. Аталған жұмысты ілгерілету үшін жана логистикалық жобалар мен бастамаларды жүзеге асыруға көмектесетін, сондай-ақ корейлік жүктердің еліміздің аумағы арқылы кедергісіз тасымалдануын қамтамасыз ететін Қазақстан-Корея бірлескен кәсіпорнын құруды ұсынамын, — деді Президент.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект пен жана технологиялар саласындағы ынтымақтастық әлеуеті зор екенін айтты.

— Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірге Қазақстанда алғашқы Жасанды интеллект институтын құру бастамасын жоғары бағалаймыз. Біз Еуразиядағы ең ірі деректер өңдеу орта-

лықтарының экожүйесін қалыптастыруға кірістік. «Деректер өңдеу орталықтарының алкабы» энергия ресурстарына бай Павлодар облысында орналасады. Жоба бір гигаваттқа дейін қуатты қамтамасыз етеді. Кейін оның ауқымын тағы да кеңейтуге болады. Оған арнайы жер телімі бөлінеді және ұлттық суперкомпьютер қуатымен ұштастыруға мүмкіндік бар. Мақсатымыз — Қазақстанды Орталық Азияның басты есептеуіш технологиялар хабына және Еуропа мен Азия арасындағы алтын көпірге айналдыру, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының пікірінше, екі елдің серіктестігін ілгерілететін перспективті бағыттың бірі — қаржы секторы. Сондай-ақ ол ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібінің де маңызына назар аударды.

— Біздің өнімдеріміз әлемнің 70-тен аса еліне тасымалданады. Біз Кореяға жеткізілетін бидай, майлы дақылдар, ет, сүт өнімдерінің, бал және басқа да жоғары сапалы тауарлардың экспорт көлемін ұл-

ғайтуға әзірміз. Сондай-ақ Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін Кореяның технологияларымен біріктіріп, агроөнеркәсіп саласындағы қосылған құн тізбегін қалыптастыруды ұсынамыз. Тамақ өнеркәсібінде ынтымақтастықтың берік негізі қаланды. Lotte Қазақстанның танымал шоколад брендтерінің бірі «Рахат» компаниясына инвестиция салғаны белгілі. Бұл корейлік бизнестің біздің нарықтағы ұзақмерзімді кәсібіне жарқын мысал бола алады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев адам капиталын дамытудың маңызына баса мән берді. Оның айтуынша, Қазақстан мен Корея университеттері 230-дан аса келісім жасасып, академиялық байланысты кеңейте түсті. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы денсаулық сақтау саласында инвестициялық серіктестікке мүмкіндік мол деп санайды.

МАЗМҰНДЫ МӘМІЛЕЛЕР ЖАЛҒАСЫ

Сапар аясында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше корейлік компания басшыларын қабылдады. Алдымен Hanwha Group вице-төрағасы Ким Дон Вонды қабылдап, қазақ-корей инвестициялық және технологиялық ынтымақтастығының перспективті бағыттарын талқылады.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Lotte Group компаниясының басқарма төрағасы Дон Бин Шинмен кездесіп, корейлік компанияның еліміздің тамақ өнеркәсібіндегі қызметін жоғары бағалап, «Рахат» брендин ілгерілетуге, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларындағы өндірістік алаңдарды жаңғыртуға қатысты табысты жобаларына назар аударды.

Мемлекет басшысы Hyundai Motor Group корпорациясының президенті әрі

БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН УАҒДАЛАСТЫҚ

Президент Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Спикері Чо Чжон Шикпен кездесті.



Қасым-Жомарт Тоқаев Чо Чжон Шикке ілтипат білдіріп, оны Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының Спикері болып сайлануымен құттықтады. Мемлекет басшысы әңгімелесу барысында Корея Президенті Ли Чжэ Мёнмен болған келіссөздердің нәтижесіне тоқталды.

— Мазмұнды әрі мағыналы кездесу болды. Біз екіжақты ықпалдастығымызды болашаққа бағдарланған жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеру жөнінде маңызды уағдаластыққа қол жеткіздік, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Корея парламентінің өкілдеріне елімізде мемлекеттік басқарудың жана үлгісін қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар туралы мәлімет берді.

— І шілде күні халқымыз жаппай қолдаған Конституция заңды күшіне енді. Бұл тарихи уақиға Қазақстанда жүргізіліп жатқан жаңғыру үдерісіне тың серпін береді деп ойлаймыз. Екі палаталы парламенттің орнына жана бір палаталы құрылым келді. Вице-Президент лауазымы пайда болды. Қауіпсіздік Кеңесінің Аппараты жасақталды. Оған қоса, конституциялық мәртебесі бар бірегей конститутивтік орган — Халық Кеңесі жұмысын бастады. Мақсатымыз — Әділетті, Күшті, Таза әрі Озық Қазақстанды құру, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Корея арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда заң шығарушы органдардың атқаратын рөліне тоқталды.

— Жалпы, соңғы жылдары парламентаралық диалог айтарлықтай тереңдей түсті. Қазақстан Парламенті мен Корея Республикасының Ұлттық Ассамблеясы арасындағы байланыстар тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Осындай байланыстарды Құрылтай депутаттары белсенді түрде дамыта бермек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Спикер Чо Чжон Шик Қазақстан Президентіне ықылас танытып, Ұлттық Ассамблеяға арнайы келгені үшін алғыс айтты.

Парламент төрағасы Қазақстан Кореяның Орталық Азиядағы ең ірі сауда және инвестициялық серіктесі екенін атап өтті. Оның айтуынша, екі елдің энергетика, цифрландыру және жасанды интеллект салаларындағы ықпалдастығын арттырудың маңызы зор. Сонымен қатар Чо Чжон Шик екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстар мен барыскеліске көңіл толатынын жеткізді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан мен Корея Республикасы екіжақты қатынастардың барлық бағыты бойынша ықпалдастықты нығайта түсетініне сенім білдірді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Корея Ұлттық Ассамблеясының Спикері Чо Чжон Шик қазақ этноауылына барды.

Сеулдің Ханган саябағында орналасқан этноауылда мәртебелі меймандарға қазақ халқының тарихы мен салт-дәстүрі, ұлттық сәндік-қолданбалы өнері, ән-күйі мен мәдени жәдігерлердің заманауи үлгілері таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Чо Чжон Шик киіз үйді аралап көріп, қазақ халқының бірегей мұралары айшықталған «Жеті қазына» голографиялық инсталляциясын тамашалады. «Бірлік» би ансамблі мен Қазақстан Республикасы академиялық корей театры балет труппасының бірлескен қойылымдары көрермен көңілінен шықты.

Ханган саябағында аспанға дрондар көтеріліп, екі елдің мемлекеттік туларын бейнелейтін, сондай-ақ «Қазақстан мен Корея — жарқын келешек жолында» жазуы әдіптелген дирижабль ұшырылды.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Кореяда оқып жатқан және еңбек етіп жүрген Қазақстан азаматтарымен емен-жарқын әңгімелесті. Кореядағы қазақстандықтар оқуда, қызметте қол жеткізген табыстарын тілге тиек етіп, мақсат-межелерін айтып өтті. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Кореяда тұратын Қазақстан азаматтары мен студенттерге сәттілік тіледі.

ҚҰРЫЛТАЙ

Құрылтай Спикері Айбек Дәдебайдың төрағалығымен өткен Құрылтай отырысында депутаттар екі ратификациялық заң жобасын – ДСҰ аясындағы Көрсетілетін қызметтер бойынша Қазақстанның ерекше міндеттемелерінің тізбесіне өзгерістер енгізу және Қазақстан мен Сербия арасындағы келісім бойынша заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Сонымен қатар Құрылтай жанынан Қоғамдық палата құру туралы шешім қабылданды.

ДСҰ ҚАҒИДАЛАРЫ МАҚҰЛДАНДЫ

«1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қосымша болып табылатын Көрсетілетін қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының ерекше міндеттемелерінің тізбесіне өзгерістерді ратификациялау туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданды. Құжаттың негізгі ережелерін Сауда және интеграция министрі Арман Шақкалиев таныстырды.

Оның айтуынша, Қазақстан 2015 жылғы қарашадан бастап Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі саналады. ДСҰ-ға қосылу Қазақстанның әлемдік сауда жүйесіне интеграциялануының маңызды кезеңі болды.

— Ұйымға мүше болған сәттен бастап еліміздің сыртқы сауда көлемі екі есе — 2015 жылғы 76,5 млрд АҚШ долларынан 2025 жылғы 136,9 млрд АҚШ долларына дейін артты. Сонымен қатар халықаралық бағалаулар бойынша Қазақстанның сауда процедураларын жеңілдету және сауда процестерін цифрландырудағы ілгерілеуді атап өткен жөн. Ұсынылып отырған заң жобасы — осы жұмыстың және ДСҰ-да қабылданған міндеттемелерді орындаудың жалғасы, — деді Арман Шақкалиев.

Өзгерістер Қазақстанның Көрсетілетін қызметтерді ішкі реттеу бойынша ДСҰ қағидаларына қосылуын көздейді. Олар қызмет көрсету саласын реттеудің жалпы принциптерін белгілейді. Атап айтқанда, қызмет көрсету үшін қажетті рұқсаттар мен лицензияларды алу рәсімдерін жеңілдету, сондай-ақ қызмет көрсетушілерге қойылатын тиісті талаптардың объективті, ашық әрі кемсітусіз қолданылуын қамтамасыз ету қарастырылған. Құжатты ратификациялау бәсекелестіктің дамуына ықпал етіп, Қазақстанның инвестициялар үшін тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте министрдің айтуынша, Қағидалар мемлекеттің қызмет көрсету саласын реттеу құқығын шектемейді. Қазақстан лицензиялауды, біліктілік талаптарын және басқа да қажетті реттеу шараларын белгілеу өкілеттіктерін сақтайды. Мұндай шаралар денсаулық, қауіпсіздік және басқа да қоғамдық мүдделерді қорғау мақсатымен белгіленуі мүмкін.

Отырыс барысында депутат Олжас Құспеков баяндамашыдан ДСҰ қағидаларын қабылдау қазақстандық қызмет көрсетушілердің қызметін шектеуге және мемлекеттің ішкі нарықты реттеу мүмкіндіктерін азайтуға алып келмей ме деген мәселе көтерді. Арман Шақкалиев жана қағидалар мемлекеттің өкілеттіктерін шектемейтінін, өйткені тиісті



принциптер ұлттық заңнамада бекітілгенін айтты. Сонымен қатар олар отандық қызмет көрсетушілерге, атап айтқанда IT және туризм салаларында экспортты ұлғайтуға және сыртқы нарықтарға шығуға қосымша мүмкіндіктер туғызды.

Депутаттар лицензиялаудың ашықтығы, Қазақстанның көрсетілетін қызметтер нарығындағы шетелдіктердің үлесі, ұлттық экономика үшін стратегиялық маңызы бар салаларды дамыту және басқа да мәселелер бойынша сұрақтар қойды.

Құрылтай сондай-ақ Қазақстан мен Сербия үкіметтері арасындағы 2023 жылғы 29 қарашада Белград қаласында жасалған әскери-техникалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Құжатты депутаттарға Қорғаныс министрінің орынбасары Шайх-Хасан Жазықбаев таныстырды.

Келісімнің негізгі мақсаты — екі ел арасында өзара тиімді әскери-техникалық ынтымақтастық орнату және оны одан әрі дамыту. Құжат аясында әскери мақсаттағы өнімдерді өзара жеткізу, қару-жарақ пен әскери техниканы техникалық қызмет көрсету және жөндеу, сондай-ақ бірлескен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізу көзделген.

Тараптар технологиялар трансфері, әскери-техникалық көмек көрсету, әскери-техникалық кадрларды даярлау және оқыту бағыттарында да өзара іс-қимыл жасайды. Сондай-ақ екі мемлекеттің әскери инфрақұрылымының мүмкіндіктерін ескере отырып, қару-жарақ пен әскери техника үлгілерін бірлесіп сынақтан өткізу көзделген.

Құжат нормаларымен танысқан депутаттар Қазақстан-Сербия келісімі аясында қандай да нәтиже бастамаларды

стратегия және жоспарлау жөніндегі бөлім жетекшісі Сунг Кимді қабылдады. Кездесуде инвестициялық және өнеркәсіптік-технологиялық ынтымақтастық аясын кеңейту, сондай-ақ Қазақстанда жаңа ауқымды жобаларды іске асыру перспективасы талқыланды.

Осыдан соң Президент KIND корпорациясының президенті және бас директоры Ким Бок Хванды қабылдады. Әңгімелесу барысында KIND корпорациясының Алатау қаласын дамытуға қатысу перспективасына баса назар аударылды. Президент жобаның әлеуеті зор екенін атап өтіп, корей тарапы жана шаһардағы инфрақұрылымдық және инвестициялық бастамаларға белсенді атсалысатынына сенім білдірді. Кездесу соңында Caspian Group және KIND арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум, Alatau City Authority мен KIND арасындағы Alatau Smart City жобасының бас жоспарын әзірлеу туралы келісім, Qazaqstan Investment Corporation мен KIND арасындағы стратегиялық келісім секілді құжаттар алмасу рәсімі өтті.

Кездесулер соңында Мемлекет басшысына Қазақстан мен Оңтүстік Кореяның инвестициялық жобалары таныстырылды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа экономиканың түрлі саласында іске асырылатын Қазақстан мен Корея Республикасының бірлескен инвестициялық жобалары жөнінде мәлімет берілді.

Ұсынылған бастамалардың қатарында Алматы қаласында жергілікті автобөлшектер өндірісін ашу жобасы бар. Сонымен қатар Мемлекет басшысына Қостанай қаласында КІА компаниясының Локализация орталығы ашылатыны туралы баяндалды. Бұдан бөлек, Президентке медицинада қолданылатын ультратыбысты диагностика жүйелерін шығару, Алматы қаласында корейлік басқару үлгісі мен заманауи медицина технологиялары қолданылатын көпбейінді аурухана салу, дрондар құрастыру секілді маңызды жобалар көрсетілді.

17 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ

ҚАРИЯЛАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТЕДІ



«Әділет» партиясының жастар қанаты 7 қыркүйектен бастап еліміздің барлық өңірінде «Ардагерлерді ардақтайық» акциясын өткізіп жатыр. Еріктілер ардагерлер мен жалғыз тұратын қарттарға күнделікті тұрмыста көмек көрсетеді. Акцияға жастар қанатының 100-ден астам белсендісі қосылып, бүгінге дейін 200-ге жуық қарияға жәрдемдесті.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ БАЛАЛАР ҚҰҚЫҒЫНА АРНАЛМАҚ

«Әділет» партиясы 18 қыркүйекте «Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасы аясында балалардың құқығын қорғау мәселелеріне арналған республикалық Ашық есік күнін өткізеді. Кездесу еліміздің барлық өңіріндегі партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінде әйелдер қанаты жетекшілерінің қатысуымен ұйымдастырылады. Негізгі іс-шара Астана қаласындағы партияның қоғамдық қабылдау бөлмесінде болмақ.

Бастама Мемлекет басшысының балалардың құқығы мен мүддесін қорғау бағытындағы саясатын қолдауға және

азаматтармен тікелей байланысты нығайтуға бағытталған. Тұрғындар отбасыларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларымен

Шара барысында волонтерлер ардагерлер мен жалғыз тұратын зейнеткерлердің үйіне барып, үй шаруасына көмектеседі, үйі мен ауласын жинастырады, азық-түлік және қажетті заттарды жеткізеді. Көмек тұрмыстық мәселелермен ғана шектелмейді. Жастар аға буын өкілдерімен әңгімелесіп, олардың өмір жолы туралы естеліктерін тындап, тәжірибесінен тағылым алады.

Жастар қанаты жетекшісінің орынбасары Ержан Хамитовтың айтуынша, акция бірреттік емес, дәстүрлі түрде жүргізілетін шара ретінде қолға алынған.

— Біз аға буынға қолдау көрсетуді жастар арасында жақсы дәстүрге айналдырғымыз келеді. Мұндай кездесулер күнделікті тұрмыста көмек көрсетіп қана қоймай, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтуға, үлкендердің өмір жолы туралы әңгімелерін тындап, тәжірибесінен үлгі алуға мүмкіндік береді, — деді ол.

Волонтерлер көмек көрсеткен жандардың бірі — қарағандылық ардагер Владимир Мамин. Ол қарттар үшін тұрмыстық көмекпен қатар жастардың назары мен ықыласы да маңызды екенін айтады.

— Кейде бізге көп нәрсе де керек емес. Жылы сөз бен шынайы ықыластың өзі жеткілікті. Жастар келіп, жағдайымызды сұрап, көмектессе, біз үшін оның маңызы зор, — дейді Владимир Мамин.

«Ардагерлерді ардақтайық» акциясы еліміздің барлық өңірінде жалғаса береді. Партия мұндай кездесулерді тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отыр.

қоса, өз мәселелері бойынша жеке кеңес алып, құқықтық көмекке жүгіне алады.

Қабылдау барысында бала құқығының қорғалуы мен қауіпсіздігі, денсаулығын сақтау, әлеуметтік қолдау, сондай-ақ балалар инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту мәселелері қаралады. Азаматтардың нақты өтініштеріне ерекше назар аударылады. Жүйелі шешімді қажет ететін мәселелер жинақталып, одан әрі қарау үшін мемлекеттік және жергілікті деңгейдегі тиісті органдарға жолданады.



ЖАСТАРЫ САУ ҚОҒАМ ҚҰНДЫ

«Әділет» партиясы Ұлытау облыстық филиалы жанындағы әйелдер қанатының ұйымдастыруымен Жезқазған қаласында жастардың психологиялық саулығын нығайтуға бағытталған кездесу өтті. Шараға 30-дан астам студент қатысып, жастар арасында жиі кездесетін стресс, мазасыздық, эмоционалдық шаршау, әлеуметтік қысым және болашаққа алаңдаушылық мәселелері талқыланды.



Кездесуге арнайы шақырылған Ұлытау облысы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы Отбасылық

тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Раиса Қаржасова, «Әділет» партиясы

Ұлытау облыстық филиалы жанындағы әйелдер қанатының халықаралық ынтымақтастық және үздік тәжірибелер бағытының үйлестірушісі Раушан Қапарова және «Әділет» партиясы Ұлытау облыстық филиалының саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі, әйелдер қанатының мүшесі Айнаш Жаналина жастардың психологиялық жағдайына әсер ететін факторларға тоқталып, қиын жағдайдан шығудың тиімді әрі қолжетімді жолдары туралы пікір алмасты.

— Жалпы, Ұлытау облысында 15-35 жас аралығындағы 60 364 жас бар. Облыста жастар ресурстық орталығы, жастардың IT жобаларын қолдау орталығы, сондай-ақ жастармен жұмыс істейтін «Жастар Рухы», «Жаңа адамдар», «Дала қырандары» қоғамдық бірлестіктері бар. Кездесуде жастардың психологиялық саулығы тек жеке адамның мәселесі емес, қоғам үшін де маңызды құндылық екені айтылды. Оларды мәселемен жеке қалдырмау, дер кезінде көмек беру біздің басты міндетіміз, — деді Гүлбану Сейтжанова.

Кездесудің интерактивті бөлігінде студенттер бес топқа бөлініп, күнделікті өмірде кездесуі мүмкін түрлі ситуацияны талқылады. Атап айтқанда, оқу тапсырмаларының көптігі, жаңа ортаға бейімделу, үйді сағыну және топтық чаттағы жағымсыз жағдайлар бойынша өз шешімдерін ұсынды.



ӘЙЕЛДЕР ЕҢБЕГІ ӘДІЛ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК

«Әділет» партиясының әйелдер қанатының қызметі аясында партияның Түлкібас аудандық филиалында «Өндірістегі әйел: еңбектегі ерлік пен кәсібилік» тақырыбында кездесу өтті. Басқосуға филиалдың сектор меңгерушісі Тимур Қыдыралиев, аудандық әйелдер кеңесінің мүшелері мен белсенді әйелдер қатысты.

Кездесудің өзегінде өндірісте еңбек етіп жүрген әйелдердің кәсіби орны, олардың қоғам дамуына қосып отырған үлесі кеңінен сөз болып, қатысушылар осы мәселелер жөнінде ашық пікір алмасты. Жиындағылар әйелдердің еңбек жағдайын жақсарту, кәсіби біліктілігін арттыруға мүмкіндік жасау, еңбек құқықтарын сақтау, өндірістегі қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру және әйелдердің мансаптық өсуіне жол ашу жөнінде ойларын ортаға салды.

Басқосуда әйелді белгілі бір әлеуметтік рөлмен шектемей, оның кәсіби әлеуетін толық жүзеге асыруына жағдай жасаудың маңызы айтылды. Атап өтуіміз қажет, өндірісте жүрген әйелдердің еңбек жолы бір күнде қалыптаспайды. Кәсіпті меңгеру, тәжірибе жинақтау, жаңа технологияларға бейімделу, ұжымдағы жауапкершілікті сезіну — мұның бәрі үздіксіз ізденісті қажет етеді. Ал осының барлығын отбасылық міндеттермен қатар алып жүру әйелден ерекше табандылықты талап етеді.

Осы мәселелерге тоқталған Тимур Қыдыралиев өндірістегі әйелдердің кәсіби өсуіне жағдай жасау еңбек нарығының сапасына да тікелей әсер ететін фактор екенін атап өтті.

— Өндірістің ішіндегі жауапкершілікті сол жерде жүрген адам ғана жақсы түсінеді. Күнделікті жұмыста қауіпсіздік талаптарын сақтау, тапсырманы уақытында әрі сапалы орындау, жаңа технологияларды меңгеру — мұның бәрі кәсіби тәртіпті талап етеді. Әйел адам бұл жауапкершілікті арқалай отырып, отбасының да қамын қатар ойлайды. Сондықтан өндірістегі әйелге ең алдымен оның еңбегі мен кәсібилігі тұрғысынан қарауымыз керек деп ойлаймын. Бізге әйелді аяушылықпен емес, оның мүмкіндігіне сеніммен қолдау маңызды. Егер білім алуға, біліктілігін арттыруға, өз қабілетін көрсетуге мүмкіндік берілсе, әйел өндірісте де, қоғамдық өмірде де үлкен

нәтижеге жете алады. Бұл жерде мәселе тек әйелдерге жағдай жасауда емес. Бұл — еңбекке адал адамның еңбегін бағалау, әр азаматқа өз қабілетін іске асыруға тең мүмкіндік беру мәселесі. Меніңше, әділетті қоғамның мәні де осында, — деді ол.

Қатысушылардың пікірінше, білікті маманға мүмкіндік беру арқылы кәсіпорынның әлеуеті артады, ал тұрақты жұмыспен қамтылған отбасының әлеуметтік жағдайы нығаяды. Осы ретте әйелдердің еңбек құқықтарын қорғау мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. Еңбек жағдайының қауіпсіздігі, кәсіби өсуге мүмкіндік, біліктілікті арттыру, еңбекті әділ бағалау — жұмыс орнындағы тұрақтылықтың маңызды шарттары.

«Әділет» партиясы үшін бұл мәселелердің маңызы зор. Себебі партияның ұстанымында әлеуметтік әділеттілік тек жәрдемақы немесе әлеуметтік қолдаумен шектелмейді. Әділеттілік — адамның еңбек етуіне, білім алуына, кәсіби тұрғыдан өсуіне және өз еңбегінің нәтижесін көруіне мүмкіндік беретін орта қалыптастыру. Өндірістегі әйелдердің белсенділігі де осы тұрғыдан маңызды. Кәсіби ортада өз орнын тапқан әйел өз тәжірибесі арқылы еңбек мәдениетіне, ұжымдық жауапкершілікке және жас мамандардың қалыптасуына ықпал етеді.

Кездесу барысында қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, өндірісте кездесетін мәселелер мен оларды шешу жолдары жөнінде пікір білдірді. Әйелдердің ұсыныстары мен бастамаларын қолдау, олардың қоғамдық өмірге белсенді араласуына жағдай жасау қажеттігі де айтылды. Әділетті қоғам — әр адамның еңбегі бағаланатын, қабілетіне қарай мүмкіндік берілетін және кәсіби дамуына жол ашылатын қоғам. Ал өндірістегі әйелдердің еңбегін қолдау осы ұстанымның нақты көріністерінің бірі екеніне баса мән берілді.



Дайындаған Бекбөл АМАНГЕЛДІ



17 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы Жолдауынан кейін бастау алған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында қазір еліміздің әр өңірінде ауқымды шаралар атқарылып жатыр. Бұл бастама батыстағы мұнайлы өлке, теңіз жағасына қоныстанған Маңғыстау облысында да қарқын алды. Жергілікті билік қолға алған іс ауыз толтырып айтарлықтай нәтижесін көрсетті.

Мадияр ТӨЛЕУ

**МЫНДАҒАН АЗАМАТТЫҢ
МАНДАЙ ТЕРІ**

Жыл басынан бері Маңғыстау өңірінде «Мөлдір бұлақ», «Тазару күні», «Таза қала», «Таза аула», «Жасыл болашақ» экологиялық акциялары ұйымдастырылып, тарихи-мәдени және табиғи нысандарда ауқымды сенбіліктер өткізілген.

Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының дерегінше, 2026 жылдың алғашқы 8 айында өңірдегі сенбіліктер мен санитариялық тазалық жұмыстарына мемлекеттік және жеке сектор қызметкерлері, білім беру ұйымдарының өкілдері, жастар мен студенттер, коммуналдық қызметкерлер, ірі кәсіпорындар мен мұнай-газ саласының мамандары белсенді атсалысқан. Жалпы жұмыстарға 185 мыңнан астам адам қатысып, 3 600-ге жуық арнайы техника жұмылдырылыпты. Нәтижесінде 14 мың тоннаға жуық коқыс шығарылды. Тазалық пен абаттандыру жұмыстарын күшейту мақсатында қала және аудан әкімдіктері жанынан 7 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын құрылды.

Бұл тұста ауыл халық да акцияға белсенді қатысып жатқанын айта кетейік. Осы мақсатта «Үлгілі ауыл» конкурсы ұйымдастырылып, ауылдардың инфрақұрылымын жақсарту, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарына 44 млн теңге бөлінген. Байқау қорытындысында 7 елді мекен үздік деп танылды.

Қазір Экологиялық мәдениетті дамытудың 2026 жылдың екінші жартыжылдығына арналған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық науқанының іс-шаралар жоспары бекітіліп, өңір бойынша кезең-кезеңімен іске асырылып жатқанын айта кету керек. Қалалар мен елді мекендерді абаттандыру қағидаларын орындау үшін меншік нысанына қарамастан кәсіпорындардың орналасқан аумақтары бойынша тазалық жұмыстарын жүргізуге қатысты жеке базарлар, ауруханалар, ЖОО, зауыттар, құрылыс алаңдары қарастырылып отыр.

Экологиялық өзгерістерге тұрғындар да өз үнін қосып жатыр. Сонымен қатар өңірде күнделікті негізде мониторингтік және рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылуда. Қазірге дейін 188 мониторинг ұйымдастырылып, 80 әкімшілік хаттама рәсімделген. Аталған жұмыстар Маңғыстау облысының Экология департаменті, Полиция департаменті, Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, жергілікті атқарушы органдар және еріктілердің қатысуымен жүзеге асырылып келеді.

«Таза Қазақстан» акциясының тағы бір ерекшелігі — тұрғындардың ұсыныстары мен өтініштеріне жедел ден қою. Бүгінде Tazaqazaqstan.kz платформасына Маңғыстау облысының тұрғындарынан 230 өтініш түскен. Оның ішінде 168-і



күнделікті өмірде қалдықтарды сұрыптаудағысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мамандардың пікірінше, экологиялық білім беру жұмыстары мектеп қабырғасынан басталуы қажет. Себебі жас буынның табиғатқа деген көзқарасы мен жауапкершілігі дәл осы кезеңде қалыптасады. Экологиялық тәрбие — тек бірреттік акция емес, қоғамның тұрақты дамуына негіз болатын маңызды бағыттардың бірі.

Бүгінде әлем елдері климаттың өзгеруі, қоршаған ортаның ластануы және табиғи ресурстардың азаюы мәселелерімен бетпе-бет келіп отыр. Осындай жағдайда «Таза Қазақстан» секілді бастамалардың маңызы арта түсуде. Бұл жоба тұрғындардың экологиялық мәдениетін көтеруге, табиғатты қорғау құндылықтарын насихаттауға және қоғамда экологиялық жауапкершілік қағидаттарын орнықтыруға бағытталған.

Ақтау қаласында өткен бұл ауқымды іс-шара — экологиялық сана мен мәде-

Өңірге танымал эколог қоғам белсендісі Ықылас Көшербаевтың сөзінше, Маңғыстауда экологияға қатысты проблемалар бар, сондықтан өткізіліп жатқан «Таза Қазақстан» акциясының бағыты дұрыс.

— Экологиялық акция көп нәтиже беріп жатыр. Мәселен, Айрақты жерінде тазалық жұмыстары жүргізіліп, далалық жер болса да арнаулы коқыс жәшіктері орнатылды. Туристік аймақтарда тазалықты қамтамасыз ету жақсы іс. Бұл жұмысты жағажайларда да қолға алу керек. Себебі әркімнің тазалық мәдениеті әртүрлі, халық бұл мәдениетті бойына сіңіргені абзал. Тазалық істерін, арнаулы коқыс жәшіктерін орнатуды халық көп бас сұғатын әулиелі жерлерде де қолға алған жөн. Тағы бір өзекті мәселе — Қошқар ата көлі. Бұрын зиянды қалдықтарды осы көлге әкеліп төккенін білеміз. Айналасында Ақтау қаласы, Ақшұқыр, Сайын ауылы жатыр, арғы жағында өзежай бар. Ашық көлді көму жұмыстарын одан әрі жалғастыраған жөн деп санаймын. Сол кезде аймақтың экологиясына, халықтың ден-

өкілдері, сарапшылар, волонтерлер мен жастар қатысты. Негізгі мақсат — Каспий теңізінің экожүйесін сақтау, волонтерлік қозғалысты дамыту, экологиялық жауапкершілікті арттыру және халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Іс-шараларға Қазақстан, Әзербайжан, Ресей, Иран, Түрікменстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінің өкілдері атсалысқанын айта кетейік. Апталық бағдарламасы экология, халықаралық ынтымақтастық және жастар бастамаларын қамтыды. Оның аясында «Бір Каспий — бір болашақ» халықаралық сараптамалық сессиясы, Caspian Clean Challenge экологиялық марафоны, Каспий маны елдерінің «Достық аллеясының» ашылуы және халықаралық Caspian Hackathon өтті.

Апталықтың ерекше символына айналған «Достық аллеясында» 2046 жылғы ұрпаққа арналған уақыт капсуласы салынды. Болашаққа жолданған бұл үндеу ұрпақтар сабақтастығы мен Каспийді сақтаудағы ортақ жауапкершіліктің символына айналды. Халықаралық қонақтар Бозжыра шатқалына барып, Маңғыстаудың табиғи және мәдени мұрасымен танысты.

«Caspian Sea Action Week — 2026» апталығының басты идеясы — бір Каспий, бір жауапкершілік, ынтымақтастықтың бір кеңістігі және ортақ болашақ аталды. Бұл игі іс алдағы уақытта да жалғасатыны мәлім болды.

Маңғыстаулық эколог Әділбек Қозыбақов жалпыұлттық акцияны одан әрі жетілдіре түсу қажет екенін



Жалпы жұмыстарға 185 мыңнан астам адам қатысып, 3 600-ге жуық арнайы техника жұмылдырылыпты. Нәтижесінде 14 мың тоннаға жуық коқыс шығарылды. Тазалық пен абаттандыру жұмыстарын күшейту мақсатында қала және аудан әкімдіктері жанынан 7 мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын құрылды.



орындалса, тағы 13 өтініш мақұлданып, жұмыстары басталған.

**БҮЛДІРІШІНДЕРГЕ
БЕРІЛГЕН БАҒДАР**

Ақтау қаласында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық тұжырымдамасы аясында кен көлемді экологиялық-ағартушылық іс-шаралар да ұйымдастырылып тұрады. Мәселен, бастама аясында шаһардағы 39 мектеп қамтылып, білім беру ұйымдарындағы мұғалімдердің 10 пайызы арнайы оқыту бағдарламасынан өтті.

Іс-шара барысында экологиялық қауіпсіздік, тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеудің маңызы, қоршаған ортаны қорғау мәдениеті және күнделікті өмірде экологиялық дағдыларды қалыптастыру тақырыптары жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар қатысушыларға қалдықтарды бөлек жинаудың халықаралық тәжірибелері мен оның қоршаған ортаға тигізетін оң әсері туралы кеңінен айтылды. Бұл экологиялық ағарту жұмыстарының ауқымын айқындап қана қоймай, қоғамның қоршаған ортаны қорғау мәселесіне деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Оқыту жұмыстарын эколог-маман Айгүл Абдуалиева, Алина Қисымова жүргізді. Ол қатысушыларға экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын түсіндіріп, табиғатты қорғау әр азаматтың ортақ міндеті екенін атап өтті. Сабақтар барысында теориялық түсіндірулермен қатар практикалық мысалдар да көрсетіліп, қатысушылардың экологиялық сауаттылығын арттыруға ерекше көңіл бөлінді.

Іс-шара аясында мектептерге арнайы жинақ контейнерлері орнатылды. Жалпы саны 234 жинақ контейнер таратылып, Ақтау қаласындағы 39 мектепке 702 дана контейнер орналастырылды. Бұл контейнерлер қағаз, пластик және тұрмыстық қалдықтарды бөлек жинауға арналған. Мұндай инфрақұрылым оқушылардың

ниетті қалыптастыру жолындағы маңызды қадамдардың бірі. Мұндай бастамалар алдағы уақытта да жалғасып, білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізіледі деп күтілуде.

Табиғатты қорғау — болашақ ұрпақ алдындағы ортақ жауапкершілік. Сондықтан қоршаған ортаға жанашырлықпен қарау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі болып қала береді.

**КОҚЫС — ҚАЙТА ӨНДЕУГЕ
БОЛАТЫН РЕСУРС**

Маңғыстауда коқыс өңдеу бағытына жеке инвестиция тарту және қайта өңдеу инфрақұрылымын дамыту жұмыстары да атқарылып жатыр. Мәселен, «Пакетная фабрика» ЖШС 650 млн теңге инвестиция салып, сұрыптау жабдықтарын сатып алды. Кәсіпорын айына 200 тоннаға дейін крафт-қағаз өндіру қуатын іске қосты. Биыл құны 2,3 млрд теңге болатын полиэтилен қалдықтарын қайта өңдеу жобасын іске асыру жоспарланған. Жоба жүзеге асқан жағдайда ай сайын 300 тоннадан астам полиэтилен қалдығы қайта өңделмек.

Қалдықтарды жинау мен шығару жүйесін жетілдіру бағытында Zero Waste Aqtau ЖШС да жұмыс атқаруда екен. Компания 1 млрд теңге инвестиция көлемінде 25 жаңа коқыс тасымалдайтын көлік сатып алған. Сонымен бірге 196 млн теңгеге 2 100 коқыс контейнері алынған. Бұл жұмыстар коқысты уақытылы жинап, шығаруға, контейнерлік алаңдардың санитариялық жағдайын жақсартуға және елді мекендердің тазалығын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек.

Қалдықтарды басқарудың жаңа жүйесін қалыптастыру әрі қарай да жалғасып жатқанын айта кетейік. Маңғыстау облысы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Өңірлік ерекшелікті ескере отырып, аудандарда коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын енгізу» жобасына енгізілді. Жоба аясында облыста қалдықтарды жинау, тасымалдау, сұрыптау және көму инфрақұрылымын кешенді дамыту көзделген.

Жоспар бойынша 5 полигон салу және дамыту, 11 қалдықтарды уақытша жинақтау пунктін құру, 59 коқыс тасымалдайтын автокөлік сатып алу, сондай-ақ қалдықтарды сұрыптау кешендері мен қажетті арнайы техника және жабдықтарды іске қосу жоспарланған. Жоба Жанаөзен қаласы мен Маңғыстау, Бейнеу, Мұнайлы, Қаракия және Түпқараған аудандарын да қамтиды. Оны іске асыруға қажетті жалпы қаржыландыру көлемі шамамен — 19,42 млрд теңге.

саулығына жақсы әсер болатынына күмән жоқ, — дейді эколог.

Осы тұста Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау және «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасын іске асыру аясында Маңғыстау облысында кейінгі 20 жылда алғаш рет арнайы коммуналдық техникалар паркi жанартылғанын айта кетейік. Тазалықшыларға жалпы саны 115 заманауи арнайы техника табысталды. Атап айтқанда, Ақтауға — 24, Жанаөзенге — 27, Бейнеу ауданына — 14, Мұнайлы және Маңғыстау аудандарына — 13-тен, Қаракия және Түпқараған аудандарына 12-ден арнайы техника берілді.

**ИГІ ІС ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
СИПАТТА ЖАЛҒАСТЫ**

Жыл сайын тамыз айының 12-сі Каспий күні ретінде аталып өтіледі. Биыл күнтізбедегі күн алыс-жақын шетелдіктердің де назарын аударды. Себебі Ақтау қаласында «Caspian Sea Action Week — 2026» халықаралық волонтерлік апталығы өтті. Іс-шараға 8 елдің делегациялары, халықаралық ұйымдардың

гін сақтау және экожүйелерді тұрақты басқару, қалдықтарды басқару және циркулярлық экономиканы дамыту, жасыл инвестицияларды тарту, сондай-ақ азаматтық қоғамды қолдау бағыттары таныстырылды.

Бұған қоса, Каспий өңіріндегі өзекті экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған бастамалар талқыланып, Маңғыстау облысында аталған бағыттар бойынша алдағы екі жыл ішінде жүзеге асырылатын гранттық жобалардың басымдықтары айқындалды. Бұл гранттар өңірдің экологиялық ахуалын жақсартуға, табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге және жасыл инвестицияларды тартуға бағытталатын болады.

Қорыта айтқанда, Маңғыстау өңіріндегі тазалық шаралары көпке үлгі боларлықтай іс. Бұл жұмыстар бұнымен тоқтап қалмай, жалғаса беретіні анық. Себебі жергілікті билік қоршаған ортаны қорғауға, қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруға көп күш салып жатыр. Аймақтың тазалығы туристік бағыттың дамып, теңіз табиғатын сақтауға сеп болатынына сенім мол.

ДАМУ

ЕЛОРДА МЕКТЕПТЕРІ ЖАҢАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан 2 жыл бұрын жариялаған Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке әкімдермен бірлесіп, 1300 мектепті жаңғырту жөнінде тапсырма берген еді. Бүгінде сол бастамалар іс жүзінде орындалып келеді. Біз жақында ғана жаңартудан өткен №41 жалпы орта білім беретін мектепке барып қайттық.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Айта кетерлігі, елордада 2025-2027 жылдары 22 мектепті қайта жаңғырту жоспарға алынған екен. Қазір оның тоғызы күрделі жөндеуден өтіп үлгерген. Сонымен қатар білім беру ұйымдарындағы шамадан тыс тығыздықты азайту мақсатында 7 мектептің жанынан қосымша оқу ғимараты салынды. Жаңғыртудың негізгі мақсаты оқушылардың тұрғылықты жеріне қарамастан, сапалы білім алуы үшін заманауи әрі қолайлы жағдай жасау еді. Қазір мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту, қалалық және ауылдық білім беру ұйымдары арасындағы сапа алшақтығын азайтуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Осы орайда №41 мектептің оқушыларына да сапалы әрі жайлы білім алуға мүмкіндік туды. Негізінен, бұл мектеп 1970 жылы салынған. Мектепке кіре сала қаншама жұмыстың атқарылғанын көрдік, тіпті оқу орнына қарап жарты ғасырға жуық тарихы



бар дегенге сенбейсің. Білім беру ұйымында бірден екі ірі инфрақұрылымдық жоба іске асырылған екен. Мұнда жаңа қосымша оқу ғимараты салынып әрі қолданыстағы негізгі корпусқа да күрделі жөндеу жүргізілген. Мектептің жаңарудан өткеніне ұстаздар да, оқушылар да ерекше қуанышты. Қазір мектепте оқушылардың заманауи білім алуына қажетті барлық жағдай жасалған. Арнайы пән кабинеттері, STEM зертханасы, робототехника, технология, көркем еңбек және техникалық еңбек кабинеттері, спорт залы мен бастауыш және жоғары сынып оқушыларына екі бөлек асхана да бар. Білім алуға қажеттінің бәрі болғандықтан, мұнда әрбір пән практикалық тұрғыда тереңдетіле оқытылады. Мектепте тамақтану мәдениетіне қатысты жеке пән де бар. Мысалы, біз осы кабинетке барғанымызда, оқушылар бауырсақ пісіріп үйреніп жатты. Осы кезде көркем еңбек пәнінің мұғалімі Гүлім Сейітбекқызының қуанышы қойнына сыймай жүр, себебі бұрын істеген мектептерінде ас пісіруге қолайлы жағдай тұмаған.

— Көркем еңбек пәнінен орта буынға сабақ беремін. Білім саласында жүргеніме 14 жылдан асты. Бұл мектепке биылғы оқу жылында жұмысқа кіріп отырмын. Алғашқы күннен-ақ қуанып жүрмін. Бұрын істеген мектептерімде ас әзірлеуге арналған плита, ыдыстар, құрал-жабдықтар болмап еді, — дейді ұстаз. Оның айтуынша, қазір мектепте көркем еңбек, технология сынды пәндер қыздарға бөлек, ұлдарға бөлек оқытылады және жеке жұмыс бөлмелері де бар. Ұстаз оқушыларға дұрыс тамақтана білу, ас пісіруден бөлек, киім тігу, колөнермен айналысу, өмірге қажетті білімді де береді. Осылайша, оқушылар қажетті өмірлік дағдыларды ерте меңгеріп, жан-жақты болып тәрбиеленеді. Дәл солай жаналыққа қуанып жүрген ұстаздың бірі — технология пәнінің мұғалімі Әсел Қапышева. — Бұл мектепте жұмыс істеп жатқаным 17 жылдай уақыт болды. Осы уақыт ішінде мектептің ескі ғимаратында білім бердік, еңбек еттік. Бұрын жұмысымызға қажет құрал-жабдық, жайлы кабинеттер болмаған еді. Дегенмен сол кезде де

қиындықтан шығуға тырыстық. Өзімнің тігін машинамды алып келіп, тігін тигуді үйрететінмін. Кейбір жұмыстарды қолмен тіктік, сәндік-қолданбалы өнермен айналыстық. Қазір мүмкіндігіміз кеңейді, енді әр оқушы жеке тігін машинасымен жұмыс істей алады, авторлық жұмыстармен айналысады, — дейді ол. Қазір мектептің тігін кабинетінде киім пішу үстелі, киімді өлшеп көруге арналған бөлмеге дейін бар екен. Оқушылардың қолға алған жұмыстары да қызықты. Ұстаздарының айтуынша, жаңа оқу жылында жаңа мүмкіндіктерді пайдаланып атқаратын жоба көп. Алда авангардтық үлгідегі костюмдер тігуді де жоспарлап отыр. Қазір мектепте оқу кабинеттері жана жиһаздармен, компьютерлік техникамен және интерактив жабдықтармен қамтамасыз етілді. Педагогтар үшін цифрлық білім беру ресурстары мен заманауи оқыту технологияларын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін автоматтандырылған

жұмыс орындары жасақталды. Ал информатика пәнінің мұғалімі Шынар Нұртасқызы оқу жылы бастала салысымен жаңа жобасын жетілдіруге кіріскен. — AITeacherSpace атты авторлық платформамды үш айда жасап шықтым, бұл жобаны жасанды интеллектті технологияларын қолдана отыра дайындадым. Негізгі мақсатым — мұғалімдерге жасанды интеллект жүйесін оңай меңгеруге көмектесу және олардың уақытын барынша үнемдеу. Платформада интерактив тренажерлар да ұсынылған, сабақ жоспарын құрастыру, тапсырмалар дайындауға да мүмкіндік бар, — дейді маман. Бір сөзбен айтқанда, жаңарған мектептің тыныс-тіршілігі де өзгерген, жұмысы да қарқынды жүріп жатыр. Жаңғыртылған инфрақұрылым оқушылардың білім сапасын арттыруға да әсер етпек, олардың шығармашылық, техникалық және зерттеушілік қабілетін дамытуға да мүмкіндік берері анық.



ӨЗЕКТІ

БАЛА ТІСІНЕ САЛҒЫРТ ҚАРАМАҢЫЗ



«Тісіңді жудың ба?» . Бұл кез келген үйде күнде айтылатын таныс сұрақ. Әрі кетсе, баланың қолына тіс щеткасын ұстатып, «жудым» дегеніне сеніп жүре беретініміз де жасырын емес. Ал шын мәнінде біз баламыздың ауыз қуысының саулығына қаншалықты жауапкершілікпен қараймыз?

Айгүл СЕЙІЛ

Таяуда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан-Ресей медициналық университеті және С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ ғалымдары бірігіп, дәл осы сұраққа жауап іздеп көрді. Олар Алматыдағы жекеменшік мектептердің бірінде оқитын 6-10 жас аралығындағы 150 бастауыш сынып оқушысының тіс саулығын тексеріп, ата-аналар арасында арнайы сауалнама жүргізген. Зерттеу нәтижесі қуанта қоймады.

СТАТИСТИКА ЖАҒА ҰСТАТАДЫ

Жекеменшік мектепте оқитын балалардың тамағы тоқ, жағдайы жасалған десеңіз де, олардың тіс денсаулығы өте аянышты күйде болып шықты. Зерттеу қорытындысы бойынша балалардың 93%-ында тісжегі (кариес) немесе оның асқынған түрі бар. Яғни мектептегі дерлік әрбір баланың тісі емдеуді қажет етеді. 55,1%-ында пародонт (кызыл иек) аурулары анықталған. 28%-ында тіс-жақ аномалиялары бар. Тістің қисық өсуі немесе тістемнің (прикус) дұрыс болмауы келешекте үлкен эстетикалық әрі медициналық мәселеге айналуы

мүмкін. Балалардың 14,7%-ында жұмсақ тіндердің, ал 6,9%-ында эмальдың тісжегіге жатпайтын басқа да зақымданулары тіркелген. Бұл сандар жай ғана құрғақ статистика емес. Бұл — мектепте сабақ айтып отырған баланың ауыздағы тұрақты ауырсынуы, ас қорытудың бұзылуы және психологиялық дискомфорт. Тағы да айтамыз, бұл жекеменшік мектепте оқитын, ешқандай мұқаждығы жоқ балалардың тіс жағдайының көрсеткіші.

МӘСЕЛЕ БАЛАДА МА, АТА-АНАДА МА?

«Баламыздың тісі неге бұлай жиі ауырады?» деп дәрігерді кінәлауға асығамыз. Сауалнама нәтижесі бұл мәселенің түбірі үйдегі әдеттерде жатқанын көрсетті. Зерттеуге қатысқан ата-аналардың тек 34%-ы ғана баласының тісін дұрыстап жууын тұрақты бақылайды екен. Бұл дегеніміз — қалған 66% бала тісін не жүрдім-бардым жуады, не тіпті ұмытып кетеді.

Екінші мәселе — стоматологқа тек тіс шыдатпай ауырғанда ғана бару. Сауалнамаға сәйкес, балалардың тек 35,3%-ы ғана дәрігердің тексеруінен жүйелі түрде өткізіледі. Ал қалған 65%-ға жуық бала тіс дәрігерінің орындығына ауру асқынып, пульпит немесе периодонтитке айналғанда бір-ақ отырады.

МИНИСТР ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕГЕ КӨҢІЛ БӨЛДІ?

Өткен айда Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова да балалар стоматологиясына назар аударды. Ол өңір басшыларына балаларға стоматологиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейтуді тапсырды. Мектепке бармаған балалардың тістері

мен ем алуға талон алу кезіндегі кезектерді жою жайлы мәселе көтерді. «Біз үшін ең бастысы — есептілік те, қағаз жүзіндегі көрсеткіштер де емес. Әр көрсеткіштің артында нақты бала және нақты отбасы тұр. Егер ата-ана баласына стоматологиялық көмек алу үшін таңғы сағат бесте келіп, кезекте тұруға мәжбүр болса, демек, жүйе жеткілікті деңгейде жұмыс істеп тұрған жоқ. Біз мұны түзетуіміз керек», — деген еді министр. Ол балаларға стоматологиялық көмектің мемлекет тарапынан қаржыландырылатынын айтып, мәселені ата-аналардың мойнына іліп қоймауды және әр жолы қосымша бюджет қаражатын іздемеу қажеттігін де жауапты тұлғалардың есіне салған. «Ата-аналар әлеуметтік желілерге жүгінуге немесе шағым жазуға мәжбүр болғанша күтпеуіміз керек», — деп ашық айтқан министр жергілікті жердегі басшылардың мұндай мәселелерді дер кезінде анықтап шешуі керектігін атап өткен болатын. Расында да таң атпай емханада тіс емдетудің кезегінде тұратын ата-аналарды көріп жүрміз. Бұл әбден таныс жағдай. Бірақ бұл — қаладағы жағдай.



«Баламыздың тісі неге бұлай жиі ауырады?» деп дәрігерді кінәлауға асығамыз. Сауалнама нәтижесі бұл мәселенің түбірі үйдегі әдеттерде жатқанын көрсетті. Зерттеуге қатысқан ата-аналардың тек 34%-ы ғана баласының тісін дұрыстап жууын тұрақты бақылайды екен. Бұл дегеніміз – қалған 66% бала тісін не жүрдім-бардым жуады, не тіпті ұмытып кетеді.

Қаладағы кез келген емханада балалардың тісін емдейтін арнайы стоматологиялық кабинеттер бар. Одан қалса жекеменшік стоматологиялық клиникаларда да белгілі бір жеңілдіктермен балалардың тісін тегін емдейді. Яғни калаларда балалардың тісін емдету үлкен мәселе емес. Негізгі қиындық — сол ұзынсоңар кезек. Кезек күткен ата-ана барлық шаруасын ысырып тастап, баланың тісімен ғана айналысып қалатыны бар. Ал шет аймақтар мен ауылдарда балалар тіс дәрігерінің тапшылығы маңызды мәселелердің қатарында екені даусыз. Бірақ оны жауапты органдар ерінбей есептесе, қане?! Әйтпесе Үкіметіміз балалардың тісін емдеуге аянып қалайын деп отырған жоқ.

«БОЛАШАҚҚА САУ ТІСПЕН»

2025 жылдан бастап «Болашаққа сау тіспен» Жол картасын іске асыру нәтижесінде білім беру ұйымдарындағы стоматологиялық кабинеттердің саны 145-тен 288-ге дейін артқан.

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, жобаны іске асырудың алғашқы жылы нақты нәтижелерді көрсетіп отыр. Астанадағы бес мектепте 2025 жылғы қазан айынан бері 13 мыңнан астам оқушы ауыз қуысының профилактикалық тексеруімен қамтылған. Оның ішінде 5 570 баладан стоматологиялық аурулар анықталып, олардың 1 678-сі әрі қарай емделуге жіберілген.

Ең көп таралған мәселе — тісжегі (кариес). Стоматологиялық патологиялардың 3 892 жағдайы, яғни 69,9%-ында асқынбаған кариес болса, қалған 1 678 баладан кариестің асқынған түрлері — пульпит және периодонтит анықталған. Бұл балалар әрі қарай ем алу үшін медициналық ұйымдарға жолданған. Сонымен қатар мамандар пародонт және ауыз қуысының шырышты қабаты ауруларын да анықтаған.

НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Баланың тісі — бұл жай ғана әдемі күлкі емес, ол — бүкіл организмнің саулығы. Бала өзініңген тісін сапалы тазалай алмайды, оған ата-ананың бақылауы мен көмегі ауадай қажет. Сондай-ақ балалардың стоматологиялық денсаулығы — болашақ ұлттың саулығы. Расында мемлекет бұл салаға қаржыны жеткілікті бөліп отыр, басты міндет — қаражат пен ресурстарды дұрыс бағыттау, әрбір баланың тұрғылықты жеріне жақын манайдан сапалы, дер кезінде әрі тегін көмек алуын қамтамасыз ету болып қала бермек. Мектептердегі стоматологиялық кабинеттерді көбейту және цифрландыру арқылы кезектерді жою, бұл да осы бағыттағы ең маңызды қадамдар болмақ.

ТІС ДӘРІГЕРІ НЕ ДЕЙДІ?

Балалар тіс дәрігері Ержан Бақтыбаевтың айтуынша, қазір кариес дертінің күн санап «жасарып» бара жатқандығы маңызды мәселелердің қатарында. Тісжегі тіпті 1-2 жасар сүт тістері жаңадан шыға бастаған сәбилерде де жиі кездеседі, бұған көбінесе «бөтелке кариесі» себеп болуға. Бұған қоса, балалар арасында тістің қисық өсуі мен жақ сүйегінің дұрыс дамымауы сияқты ортодонтиялық ақаулар кең тараған. Мұндай мәселелер еміздікті ұзақ уақыт бойы пайдаланудан немесе бас бармақты сору сияқты зиянды әдеттерден, сондай-ақ баланың рационында жұмсақ тағамдардың тым көп болуынан туындайды. Балалардың тіс эмалі өте жұқа әрі нәзік болғандықтан, кішкентай кариестің өзі қысқа мерзімде пульпит пен периодонтит сияқты ауыр асқынуларға өте жылдам ұласып кетеді.

Бүгінгі балалардың рационында қанттың, газды, тәтті сусындар мен жеңіл көмірсулардың шамадан тыс көп болуы тіс эмалін ішінен ыдыратады. Ал бұған ата-аналардың баланың тісін тазалау процесін бақыламауы немесе «сүт тісі бәрібір түседі ғой» деген теріс түсінігі қосылғанда, жағдай тіпті ұшыға түседі. Қоғамда профилактикалық тексерістен (әр 3-6 ай сайын) өткізу мәдениеті әлі де қалыптаспағандықтан, балалар дәрігерге тек тіс шыдатпай ауырғанда ғана жеткізіледі.

Балалардың ақ халаттылардан, стоматологиялық құралдардың дыбысынан қорқыу (дентофобия) да олардың дер кезінде тіс дәрігеріне қаралмауына себеп болады. Нәтижесінде ауру асқына береді. Ал аурудың асқынуы мен зақымдалған тістердің тым көп болуы, әрі баланың үрейі себепті қазіргі уақытта тісті жалпы наркозбен (седация) емдеуге сұраныс күрт өсті. Бұл өз кезегінде ата-аналарға қосымша қаржылық және психологиялық салмақ түсіріп отыр. Сондықтан бұл түйткілдерді шешу үшін тек емдеумен шектелмей, мектептер мен отбасылық деңгейде алдын алу мен гигиеналық тәрбиені мықтап қолға алу керек деп есептеймін.

17 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | БЕЙСЕНБІ



ҚЫТАЙДЫҢ СИАНЬ ҚАЛАСЫНДА ӨТӨТІН ХІІІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖІБЕК ЖОЛЫ КИНОФЕСТИВАЛІ АЯСЫНДА БИЫЛ АЛҒАШ РЕТ БАЛАЛАР КИНОСЫНА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ БӨЛІМ - «ЖІБЕК ЖОЛЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ БІРГЕ САПАРЫ. БАЛАЛАР КИНО МАУСЫМЫ» ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. СОЛ БАЙҚАУҒА ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕР МЕН Өңірлерден 61 балалар фильмі ұсынылып, 15-і іріктеуден өтті. Соның ішінде отандық «ADAM: Нартәуекел» толықметрлі 3D-анимациялық фильмі бар. Біз үздіктер қатарына енген анимацияның режиссері, аниматор жәнiбек нұрбекұлымен әңгімелескен едік.

Жәнiбек нұрбекұлы, аниматор:

АНИМАЦИЯ - ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ

— «ADAM: Нартәуекел» 61 фильмнің арасынан үздік 15 туындының қатарына енді. Сіз үшін бұл жетістіктің салмағы қандай?

— Жобаны былтыр күзде ғана аяқтаған едік, бұл — содан бері қатысып отырған алғашқы фестиваліміз. Бәйгеге қосқан сәйгүлігіңнен үміт күтетінін сияқты, жүлделі оралсақ екен деген тілек бар. Бұл — тек менің емес, мультфильмге жан бітірген барлық шығармашылық топтың еңбегі еш кетпегенінің дәлелі. Осындай қолдаудан соң келесі жобаларға сенімділікпен, құлшына кірісесің. Біз үшін бұл жеңістің салмағы да, орны да бөлек.

ФИЛЬМНІҢ БАСЫМ БӨЛІГІ АДАМ ЕҢБЕГІМЕН ЖАСАЛДЫ
— Фильмнің атауындағы «Нартәуекел» ұғымына қандай мағына жүктеліңіз? Көрерменге жеткізгіңіз келген негізгі ой қандай?

— «Нартәуекел» атауының өз тарихы бар. Бұл жобаның алғашқы идеясы 2018 жылы туған. Сол кезде Токтар Әубәкіров ағамыздың құрметіне ғарышкер бала туралы анимациялық фильм түсіру ойымызда болды. Бастапқыда жобаның атауы да «Ғарышкер бала» еді. 2021 жылы өз командамызбен тәуекелге барып, жобаны жеке қаржыландырып бастадық, шамамен 30 минуттық анимациялық бөлігін жасап үлгердік. Алайда жоба екі жылдай тоқтап қалды. 2024 жылдың мамырында қайта қолға алдық. Бұрын жасаған кейіпкерлердің бейнесі де жаңартылып, іс жүзінде бәрін басынан жасадық. Біріншіден, осы аралықта біздің мамандардың техникалық шеберлігі айтарлықтай өсті. Екіншіден, көтерген тақырыбы ұнады. «Нартәуекел, жасап көрейік» деді. Мен оған анимациялық фильмнен табыс табу оңай емес екенін, сондықтан мұндай жобаға кез келген инвестор қаржы сала бермейтінін айттым. Соған қарамастан, халыққа, балаларға пайдасы тиетін дүние болсын деп нартәуекелге бел будық. Жобаның атауы да содан «Нартәуекел» болып қалыптасты. «ADAM: Нартәуекел» — еліміздегі алғашқы жеке қаржыға түсірілген толықметражды анимация. Фильм арқылы көрерменге жеткізгіміз келген басты ой — отбасы құндылығы. Бірінші маусым негізінен әкеге деген құрметті көрсетеді. Ал екінші маусымда анаға тағзым тақырыбын көтеруді жоспарлап отырмыз. Жалпы, бұл туынды ата-ана мен бала арасындағы махаббатты, сағынышты, өзара байланысты көрсетеді.

— «ADAM: Нартәуекел» толықметрлі 3D анимациялық фильм ретінде қалай дүниеге келді? Идеядан дайын туындыға дейінгі жол қанша уақытқа созылды?

— Идеяның тууына бала кезден бәріміз сүйіп оқыған «Ер Төстік» ертегісі қатты әсер етті. Ер Төстік ағаларын іздеп жолға шыққанда Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ секілді ерекше қабілеті бар достарын кездестіреді ғой. Мен де осы шығармада басты кейіпкер сапар

барысында әртүрлі ерекше қасиетке ие достарын жолықтырса деген талап қойдым. Яғни негізгі желіде Токтар ғаламды шарлап, жаңа планеталарды ашады, сол жолда өзінің суперқаһарман достарын табады. Ақырында түрлі ғаламшарларды аралай жүріп, ата-анасына жетеді. Ал фильм өндірісіне мамыр айында кірістік. 2021 жылғы алғашқы жұмысты есептемегенде, жобаны аяқтауға бір жарым жылдай уақыт жұмсалды.

— Қытайдағы фестиваль сарапшылары фильмдерді мәдени ерекшелік, көркемдік деңгей және жаңашылдық секілді өлшемдер бойынша бағалаған. Сіздіңше, «ADAM: Нартәуекелдің» қай қыры халықаралық мамандардың назарын аударды?

— Фильмдерді іріктеу кезінде қазылар алқасы бес негізгі талапқа мән берген екен. Соның біріншісі — балаларға тән шынайылық. Одан кейін оқиганың әсерлігі, отбасылық тақырып, көркемдік ерекшелік пен жаңашылдық секілді өлшемдер болған. Сценарийді жазатын командаға тапсырғанда да арнайы эмоциялық әсердің болуын ескерттім. Қытайлық мамандарға да



Сапа жағынан Түркиямен де теңесе алатын деңгейге жеттік. Әрине, Түркия анимациялық өнімнің саны, өндіріс көлемі, экран уақыты, көрермен аудиториясы мен халықаралық нарыққа шығуы жағынан бізден алда. Бірақ көркемдік және техникалық сапа тұрғысынан Қазақстанда да мықты жұмыстар бар. Орталық Азияда Өзбекстанның да аяқ алысы жақсы, шығармашылық ізденістері байқалады.

осы эмоционалдық қыры әсер еткен болуы мүмкін. Тағы бір маңызды тұсы — бұл мультфильмді бастаған кезде жасанды интеллект қазіргі деңгейде дамымаған еді. Оның мүмкіндіктері енді ғана пайда болып келе жатқан, анимация өндірісіне араласа қоймаған кезең болатын. Сондықтан фильмнің толыққанды бөлігі адам еңбегімен жасалды. Менінше, мамандар оның осы жағына да назар аударған болуы керек.

Анимацияда қарапайым көрермен бірден аңғара бермейтін ұсақ деталь көп. Мысалы, кейіпкер шашының қозғалысы, құмның сырғып ағуы, мөлдір судың тамшылауы секілді көріністер арнайы мұқият жасалды. Мұндай дүниелерді кәсіби мамандар бірден байқайды. Қазақстанда да сапалы анимация жасау талпыныс бар екенін көріп, соны бағалаған шығар деп ойлаймын. Ендігі



тілегіміз — байқаудың жеңімпаздары қатарынан көріну.

ТЕХНОЛОГИЯДАН БҰРЫН ТАЛАНТТЫ МАМАН КЕРЕК

— Бүгінде әлемдік анимация технология жағынан өте жылдам дамып жатыр. Қазақстан осы бәсекеле қай деңгейде тұр деп бағалайсыз?

— Қазір әлемде анимация саласы өте қарқынды дамып келеді. Қазақстан да осы үрдістен қалыс қалып отырған жоқ. Соңғы жылдары мемлекет тарапынан қолдау күшейді, техникалық мүмкіндіктер де артты. Бүгінде қазақстандық анимациялық фильмдер халықаралық

фестивальдерде де жақсы нәтиже көрсетіп жүр. Жапония, Еуропа, Франция, Орталық Азия елдерінде түрлі жүлделер алып жүрген туындыларымыз бар.

Сапа жағынан Түркиямен де теңесе алатын деңгейге жеттік. Әрине, Түркия анимациялық өнімнің саны, өндіріс көлемі, экран уақыты, көрермен аудиториясы мен халықаралық нарыққа шығуы жағынан бізден алда. Бірақ көркемдік және техникалық сапа тұрғысынан Қазақстанда да мықты жұмыстар бар. Орталық Азияда Өзбекстанның да аяқ алысы жақсы, шығармашылық ізденістері байқалады. Қазір жаңа технологиялардың арқасында әлемдік кино нарығына шығудың мүмкіндігі бұрынғыдан әлдеқайда кеңейді. Сондықтан алдағы бес-он жылда Қазақстаннан әлем мойындайтын, тіпті «Оскарға» дейін жететін анимациялық фильм шықса, оған таңғалмас едім. Оған біздің мамандардың да, жастардың да әлеуеті жеткілікті. Бұрын әлемдік деңгейге шығатын жол ұзақ әрі күрделі болса, қазір технология мен жаңа мүмкіндіктердің арқасында ол жол әлдеқайда қысқарды.

— Қазақстанда толықметрлі 3D анимация жасау қаншалықты қиын? Саладағы басты мәселе қаржыда ма, кадрда ма, технологияда ма, әлде жүйелі қолдаудың жеткізсіздігінде ме?

— Толықметрлі 3D-анимация жасауда технологияны дұрыс пайдалана алатын білікті әрі шығармашыл маман қажет. Қанша жерден озық техника болғанымен, соны игеретін кәсіби кадр болмаса, ол жай ғана экспонат болып қалуы мүмкін. Сондықтан мен үшін бірінші орында — адам еңбегі, білім мен талант, одан кейін ғана технология тұрады. Әрине, жаңа технология жұмысты жеңілдетеді, уақытты үнемдейді, сапаны арттырады. Бірақ Қазақстанда әлі де шешілмеген инфрақұрылымдық мәселелер бар. Мәселен, қуатты рендер-база жеткіліксіз. Жекелеген студиялар мен мамандарда белгілі бір мүмкіндіктер болғанымен, ортақ әрі заманауи жүйе қалыптаса

қойған жоқ. «Қазақфильмде» мұндай база бар, бірақ ол бүгінде ескірген. Әлем 8K, 16K форматтарына көшіп жатқанда, еліміздегі кинотеатрлардың басым бөлігі әлі де 4K деңгейіне толық жете бермейді.

— Бізде анимация көбіне балаларға арналған өнім ретінде қабылданады. Қазақстандық анимация осы түсініктен шығып, кең аудиторияға арналған үлкен индустрияға айнала ала ма?

— Қазақстандағы анимациялық фильмдердің ең басты міндеті — бала тәрбиесіне қызмет ету деп ойлаймын. Үлкендерге арналған контент онсыз да жеткілікті. Ал балаларға арналған сапалы, ұлттық мазмұндағы туындыны мақсатты түрде жасау — әлдеқайда маңызды мәселе. Өйткені анимация баланың жүрегіне жол табатын ең алғашқы мектептердің бірі саналады. Ұлттық мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, тарихымыз бен құндылығымызды балаға түсінікті әрі тартымды тілде жеткізе алсақ, анимация тек көңіл көтеретін өнім емес, ұлт тәрбиесінің қуатты құралына айналады. Қазақ анимациясының ең үлкен миссиясы да осында.

— Қазақстандық анимация халықаралық фестивальдерге шығып жүр, бірақ әлемдік прокат пен стриминг платформаларына жол ашу жағы әлі де әлсіз. Бұған не кедеріі?

— Дұрыс айтасыз, қазақстандық анимациялық фильмдер халықаралық кинофестивальдерден жүлде алып жүр. Кейбір туындылар әлемдік интернет-платформаларға, ТМД кеңістігіндегі ірі сервистерге шығып жатыр. Өзіміздің отандық платформаларда да көрерменге жол тауып, танымал болып жатқан жобалар бар. Бірақ әзірге мұның бәрі теңізге тамған тамшыдай ғана көрінеді. Бүгінгі басты мәселенің бірі — осы саладағы жұмыстардың бір орталыққа тоғыспауы. «Қазақфильм» бөлек, «Қазақанимация» бөлек, «Балапан» телеарнасының да өз міндеті бар. Яғни әрқайсысы белгілі бір жұмыс атқарғанымен, ортақ стратегия мен жүйелі үйлестіру жеткіліксіз. Егер осы күштердің бәрін бір мақсатқа жұмылдырып, қазақ анимациясын ұлттық идеология, тәрбие және халықаралық бәсекеге қабілетті өнім жасау бағыты бойынша жүйелейтін болсақ, Қазақстанның бес жылдың ішінде әлемдік сахнаға шығуға мүмкіндігі бар деп сенемін.

— «ADAM: Нартәуекелдің» бұл жетістігі қазақстандық анимацияның халықаралық нарыққа шығуына жаңа мүмкіндік бере ала ма?

— Әрине. Халықаралық кинофестивальде жүлде алу — жай ғана марапат емес. Өйткені ондай байқауларда әр бағыт бойынша кәсіби, білікті мамандар бағалайды. Сондықтан фестивальдегі мойындау туындының сапасына берілген кәсіби баға деп есептеймін. Мұндай жетістіктер фильмнің алдағы тағдырына да әсер етеді. Оның өзге елдерде прокатқа шығуына, халықаралық нарыққа жол ашуына, дистрибуция жағынан жаңа мүмкіндіктерге ие болуына септігін тигізеді деп ойлаймын.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Қызылорда облысы
Ерболат ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баыр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҰРСИМБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4790

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.

• Кілемі үш компьютерлік беттен астам материалдар қабылданылмайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –

Ербол ТҰРЫМБЕТ